

Қош келдің, Ұлу жылы!



ЗАН газеті

✉ zangazet@mail.ru

№98 (3629) 29 желтоқсан 2023



ZANMEDIA.KZ

Қоғамдық-саяси, құқықтық газет

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ЗАҢЫ МЫҚТЫ ЕЛДІҢ ДАМУЫ ТЕЗ



Заң мықты болса – халық қауіпсіз, мемлекеттің дамуы тез. Себебі, құқықтық сауаты жоғары ел заңның дайындалуына атүсті қарамайды, биліктің босаңсуына, өз құқығының тапталуына жол бермейді. Биыл азаматтық қоғамның белсенділігінің артып, заңдардың айлар бойы қызу талқыланып жатқаны жиі байқалды. Басқаны айтпағанда, «Масс медиа» туралы заң жобасы Парламент Мәжілісіндегі жұмыс тобының 16 отырысында талқыланса, одан бөлек 6 рет қоғамдық талқылаудың тақырыбы осы заңға арналған екен.

(Соңы 3-бетте)

МІНБЕР

Жүйелі түрде жүргізіліп жатқан сот реформасы азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының, заңды мүдделерінің әділ қорғалуын қамтамасыз ету, сол арқылы елімізде заң үстемдігін орнату мақсатын көздейді. Қошгасқалы отырған 2023 жыл да соттар үшін іргелі бастамалар мен игі қадамдардан кенде болмады. Солардың бастыларына тоқталып өтер болсақ, қоян жылының ең басты жаңалығын Конституциялық Соттың құрылуымен байланыстыруға болады.

КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ СОТ – ЖЫЛДЫҢ БАСТЫ ЖАҢАЛЫҒЫ

Биыл ел тұрғындары өздерінің құқықтары мен бостандықтарының қорғауда Ата Заңға қайшы келетін нормаларға шағымдарын Конституциялық Сотқа тікелей беру мүмкіндігіне ие болды. Мұндай құқық Бас прокурор мен адам құқықтары жөніндегі уәкілге де берілді. Өтініштерді қарау тәртібі жалпы соттардағы іс жүргізу тәртібінен түбегейлі ерекшеленетін Конституциялық Сотты халық құқықтық мемлекет құру жолындағы маңызды қадамға санады. 2023 жыл сала қызметкерлері үшін қызмет сапасын жандандыруға бағытталған стратегиялық және операциялық менеджменттің жаңа моделінің енгізілуімен маңызды болмақ. Өйткені, жыл басында Соттардың қызметін

қамтамасыз ету департаментінің орнына Сот әкімшілігі құрылып, ол айрықша мәртебеге ие болды. Айрықша деп отырғанымыз, Сот әкімшілігі атауын өзгертіп қана қойған жоқ, оның дәрежесі Үкімет пен Парламент аппараттарының деңгейімен теңесті.

Біздің қоғам үшін бала болашағы қашанда басты орында. Сондықтан, сот саласындағы тағы бір тарихи бастама, яғни, «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне процесстік заңнаманы жетілдіру және сот жүйесін реформалау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңын толықтырумен байланысты жүзеге асты.

(Соңы 4-бетте)

СӨТІ ТҮСКЕН СҰХБАТ

Әзімхан САТЫБАЛДИН, э.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА академигі:

«ӘЛЕУМЕТТІК ЖАҒДАЙДАН МОРАЛЬДЫҚ АХУАЛ МАҢЫЗДЫ»

– Әзімхан Әбілқайырұлы, экономика саласындағы биылғы басты оқиғалар деп нені атау едіңіз?

– Шынын айту керек, 2023 жыл оңай болған жоқ қой. Былтырғы Қаңтар оқиғасынан кейін экономика күрт төмендегенін білесіздер. Инфляция 18 пайызға дейін шарықтап кетті. Биыл Үкіметтің мәлімдемесі бойынша инфляция 2 есе азайып, 10 пайызға түсті. Сондай-ақ, жалақы мен шәкіртақы көлемі ұлғайды. Мәселен, мұғалімдердің жалақысы 500-600 мың теңгеге, докторанттардың стипендиясы 200 мың теңгеге дейін барады. Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбектің сөзіне қарағанда, алдағы уақытта докторанттардың стипендиясы 500 мыңға дейін жеткізіледі. Бұл ҚазҰУ профессорының айлығы. Осы уақытқа дейін ғылымның жағдайы төмендеп кеткен еді. Мынандай қолдау ғылымға үлкен серпіліс береді.

Бұрын ауыл шаруашылығында жаңа сорттарды, жаңа тұқымдарды шығаратынбыз. Егетін егіннің 50 пайызы өзіміздің сорттар болатын. Қазір оның бәрінен айырылды. Тіпті, үлесі қанша болғанын да айта алмаймын. Биыл көршілес Ресей 150 млн тонна бидай жинап алды. Олар әлдеқашан гендік селекцияға өтіп кетті. Біз оған әлі жете алмай отырмыз. Сондықтан жинаған астығымыз 10 млн-нан сәл ғана асты. Қазақстан кем дегенде 20 млн тонна жинауы керек еді.

– 2024 жылға болжамыңыз қандай? Халықтың әлеуметтік тұрмысы жақсара ма?

– Мен бір нәрседен қорқып отырмын. Әлеуметтік жағдайдан гөрі, моральдық ахуалымыз маңызды. Ол өкінішке қарай күннен-күнге төмендеп барады. Неғұрлым айлық көтеріліп, жастарға жағдай жасалған сайын моральдық ахуалымыз төмендеуде.

(Соңы 5-бетте)

ЛЕБІЗ

ҚҰРМЕТТІ ӘРІШТЕСТЕР!

**Судьялар одағының атынан
Сіздерді келе жатқан 2024 жыл-
мен құттықтаймын!**

Өткен жыл сот жүйесі және Судьялар одағы үшін сот жүйесін әрі қарай жаңғырту бойынша табысты жыл болды.

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев 2023 жылғы наурыз айында «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Конституциялық заңына қол қойды. Онда судьялардың тәуелсіздігін нығайту, атап айтқанда, аудандық соттардың төрағаларын сайлаудың жаңа тетігін енгізу бойынша шаралар көзделді.

Әкімшілік әділет саласын кеңейту, ювеналды соттардың соттылығын ұлғайту, тұтас кассацияның балама моделін енгізу, судьялардың жүктеме-лерін теңестіру және азаматтар үшін әділеттілікке қолжетімділікті жеңілдету мақсатында қалалардағы бірінші инстанциядағы соттарды біріктіру жөнінде нақты қадамдар жасалды.

Осы және өзге де жаңалықтардың барлығы сот жүйесінің басты мәселесін шешуге бағытталған жол – бұл жаңалықтар сот төрелігін жүзеге асырудың жоғары сапасын қамтамасыз етеді. Өткен жыл Судьялар одағы үшін де жемісті болды. Қоғамдық бірлестік құқықты дамытудың ең өзекті тақырыптары, сот өндірісін жетілдіру жөніндегі практикалық шараларды талқылау бойынша форумдар мен конференциялар ұйымдастыру ісіне бастамашылық етті.

Халықаралық ұйымдар сарапшыларының қатысуымен, заңгерлер қауымдастығы мен судьялардың кеңесі, шетелдік озық тәжірибе, қолдану практикасына тыңғылықты талдау жасау негізінде қолданыстағы Судья әдебі кодексіне ауқымды сараптама жүргізу жалғасып жатыр. Бұл – сот жүйесіне деген сенімді арттыруға, қоғамның сұранысына, заманауи талаптар мен сын-тегеуріндерге жауап беретін судьялардың кәсіби іс-әрекеттерінің стандарттарын анықтауға мүмкіндік береді.

Судьялар одағының филиалдарына, судьяларға және жұмыс топтарының мүшелеріне барлық бастамаларға қолдау танытқаны, белсенді ұстанымдары үшін алғыс айтамын!

Алға қойған жоспар көп, дегенмен түпкі меже – өз өмірімізді арнаған істің игілігі үшін кәсіби қауымдастығымыздың бірлігін қуаныту. Ортақ жұмысымыз – кәсіби қуаныш, іскерлік абырой сыйласын, ең бастысы – біз халықтың сенімін ақтайық!

Баршаңызға денсаулық, шадыман шаттық және бақ-береке тілеймін!

**Сәкен АБДОЛЛА,
Қазақстан Республикасы
Судьялар одағының төрағасы**

ЖАЛПЫ ІШКІ ӨНІМДЕГІ ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА БИЗНЕСТІҢ ҮЛЕСІ - 36,4 ПАЙЫЗ

2023 жыл кәсіпкерлер үшін табысты болды. Қазақстанның жаңа даму моделін қалыптастыру жағдайында негізгі басымдықтың бірі ашық және өзін-өзі қамтамасыз ететін нарықтық экономика құру болып табылады. Осы істе ШОБ негізгі драйверлердің бірі болуы тиіс. Ресми статистикаға сүйенсек, соңғы жылда Қазақстанда ШОБ үлесінің жалпы ішкі өнімдегі тұрақты өсімі байқалады, дегенмен шешілмеген мәселелер әлі де жетерлік. Әрқайсысына жеке-жеке тоқталайық.



Рекордтық өсімдер

2019–2023 жылдар аралығында қазақстандық шағын және орта бизнестің экономикаға қатысуы 4,7 пайызға өскен. Ұлттық экономика министрі Әлібек Қуантыров жалпы ішкі өнімдегі шағын және орта бизнестің үлесі 36,4 пайызға жеткенін мәлімдеді. Бұл – рекордтық көрсеткіш. Шағын және орта бизнес өндірген өнім көлемі 28 триллион теңгеден асты (2022 жылы 23 трлн). Ал ШОБ-та жұмыс жасайтын қызметкерлердің жалпы саны 23,8%-ға өсіп, 4,2 млн адамға жеткен. Ағымдағы жылдың 1 қазанындағы жағдай бойынша тіркелген ШОБ субъектілерінің жалпы саны 2,2 миллионға жетті. Оның 99,9 пайызы шағын кәсіпкерлік субъектілері, қалған 0,1 пайызы орта бизнес субъектілері. Кәсіпкерлік белсенділік деңгейі 89,7% құрады. Бұл ретте орта кәсіпкерлік субъектілерінің белсенділігі шағын кәсіпкерлікке қарағанда 6,7 пайыздық тармаққа жоғары. Әрине бұның бәрі мемлекет тарапынан жасалған жеңілдіктердің арқасында мүмкін болып отыр.

Жайлы орта

Елімізде үш жылдан бері орта және шағын бизнесті тексеруге мораторий жарияланған. Биыл 10 мыңнан астам өзекті емес талаптар анықталды, оның 9 мыңы алынып тасталды, ал қалғандары Парламенттегі заң жобасы аясында жыл соңына дейін алып тасталады. Тәуекелдерді басқару жүйесі (ТБЖ) де автоматтандырылуда, бұл 2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап адамның араласуынсыз тексерулерді жоспарлауға мүмкіндік береді. Нәтижесінде кәсіпкерлікті жоспарлы тексеру екі есеге, айыппұлдар саны бірнеше есеге қысқарады.

Дегенмен, бүгінгі таңда шағын бизнестің басым көпшілігі өнімділігі төмен салаларда жұмыс істейді, өңдеуші секторға жеткілікті деңгейде мән берілмей келеді. Салық саясатының дұрыс болмауынан орта кәсіпкерлік субъектілер шағын кәсіпкерлік субъектілерге бөлініп жатыр. Орта кәсіпорындардың ЖІӨ-ге қосқан үлесі 2019 жылғы деңгейде – шамамен 6%-ды құрайды. Бұл ретте орта бизнестің 30%-ға жуығы бірінші жартыжылдықта шығын көрсетті.

Мемлекеттік қолдауды қайта қарау керек

Халық өкілдерінің айтуынша, мемлекеттік қолдаудың тәсілдері мен тетіктерін түбегейлі қайта қарау қажет. Кәсіпкерлікті дамытуға қатысты бірқатар бағдарламалық құжаттардың күшіне енгеніне көп уақыт болса да, олардың

тиімділігіне сын бар. Оның үстіне, мемлекеттік бағдарламаларды жүзеге асыру барысында олардың мақсаттарына сәйкестігі үлкен сұрақ туғызады. Бұл туралы сенатор Ләззат Рысбекова баяндап берді.

– Мысалы «Қарапайым заттардың экономикасы» бағдарламасын алайық. Бұл жоба ішкі нарықты отандық өндірушілердің тауарларымен және қызметтерімен толықтыруға бағытталғанына қарамастан, жеңілдікті қаржыландыруға құқығы бар қызмет түрлерінің 35% (150-нің 53-і) белгіленген мақсатқа сәйкес келмеді. Мемлекеттік қолдау шараларының тиімділігін төмендететін үрдіс Ұлттық кәсіпкерлікті дамыту жобасына да тән. Атап айтқанда, бизнесті гранттық қолдау бизнес қауымдастығы үшін де, әкімдіктер үшін де үлкен сұрақ тудырады. Біріншіден, гранттық қолдау қаражатының мақсатты пайдаланылуын қадағалау мәселесі шешілген жоқ. Бүгінгі таңда мониторинг тек таңдамалы түрде жүзеге асырылады және өте тар ауқымды қамтиды. Мәселен, Алматы қаласы әкімдігінің мәліметінше, 2022 жылы бекітілген 264 жобаның 27-сі ғана бақылаумен қамтылған. Яғни, әрбір оныңшы жоба ғана. Осындай жағдай басқа облыстарда да байқалады. Сондықтан, берілген қаражаттың мақсатты жұмсалыуын бақылау және түпкілікті нәтижеге қолжеткізу барлық гранттық қаржыландыру жобаларын қамтуы тиіс», – дейді сенатор.

Екіншіден, келешегі бар бағыттарды ескермей және түпкілікті нәтижеге назар аудармай, 5 миллион теңге көлемінде гранттық қолдау түріндегі шағын жобаларды іске асыруға басымдық берілуі. Бұл жай ғана бюджеттің ысырап болуына әкеліп соқпақ.

Үшіншіден, құқықтық олқылықтар бар. Мысалы, бүгінде «бизнес-идеяның жаңалығы» деген нақты анықтама жоқ. Сондай-ақ, грант алудың негізгі шарты болып табылатын «жаңалықты» растау талап етілмейді. Бұл да өз кезегінде жобаға бөлінген қаражаттың мақсатты жұмсалыуына кепілдік бермек емес...

Банктер өңдеуші секторды қолдауға құлықсыз

Қасым-Жомарт Тоқаев өз жолдауында «Қазақстанда шағын және орта бизнесті қаржыландыру үшін 42 миллиард долларға жуық қаражат жетпейді. Сөйте тұра, банктерде триллиондаған теңге қаржы іс жүзінде экономикаға еш пайдасын тигізбей босқа жатыр» деп ЕДБ-ны сөккені бер еді. Бұл мәселе Мәжілісте де көтерілді. Дегенмен, биылғы банктік несиелеу шарттары әлі де қолайсыз болып қалатындықтан, бизнес қауымдастық мемлекет көмегіне көбірек сенуге мәжбүр.

Банктердің ШОБ несиелеу көлемінің үдемелі өсуіне қарамастан, мұндай

несиелердің жалпы несие портфеліндегі үлесі 2019 жылдан бастап 33-тен 26%-ға дейін төмендеген. Ұлттық банктің мәліметінше, былтыр банктер берген бизнес несиелерінің жалпы көлемінің 52 пайызы ірі кәсіпкерлерге, 34 пайызы шағын бизнеске және 14 пайызы ғана орта бизнеске берілген. Бұл ретте несиелердің ең көп көлемі (51%) сауда саласына тиесілі, оның жартысынан астамы (54%) ірі кәсіпкерлерге берілген. Ал өңдеуші секторлар шетте қалып, банк секторынан тиісті қолдау ала алмай отыр.

Өңдеуші салаға енші тимей келеді

Кез келген мемлекеттік қолдау бағдарламасы, не банк несиесі болсын, сауда саласы басым болып қала беретінін айта кеткен жөн. Субсидияланған және кепілдік берілген жобалардың үштен бірінен астамы сауда саласына қатысты. Өндіруші салаға көбіне қаржы бөлінбей жатады. Құзырлы мекемелер жоғары тәуекел мен төмен жарамағын сылтау етеді. Мамандардың пікірінше кәсіпкерлікті қолдау бағдарламаларын түбегейлі өзгерту керек. Атап айтқанда, оны өндірістің технологиялық күрделілік деңгейіне және бизнес санаттарына қарай саралау, сондай-ақ мемлекеттік қолдаудың операциялық тиімділігін қамтамасыз етуде.

Салмақ салған салық

Келесі жүйелі мәселе шағын және орта бизнеске қатысты салық саясатының жетілдірілмегендігіне байланысты. Дәл осы мәселе бүгінде кәсіпкерлер тарапынан көптеген шағым туғызуда. Бұл, ең алдымен, қосылған құн салығына қатысты, атап айтқанда, оның мөлшерлемесін 12-ден 16%-ға дейін ұлғайту. Мамандар ҚҚС мөлшерлемесін көтеру мәселесі жан-жақты зерделеуді және отандық кәсіпкерлермен талқылауды қажет етеді деп, асықпауды сұрап отыр.

Салық саясатында бизнес пен мемлекет мүддесі арасындағы тепе-теңдік қажет. Фискалдық шаралар шағын бизнесті шоғырландыруды ынталандыруға бағытталуы тиіс. Өкінішке қарай, қазір көз алдымызда мүлде бөлек картина тұр. Атап айтқанда, шағын кәсіпорындар санының айтарлықтай өсуінің басты себептерінің бірі, салықтан қашқан орта кәсіпкерлік субъектілерінің бөлінуі. Кәсіпкерлердің айтуынша, бұл келенсіз үрдіске әсер ететін себептердің 80 пайызы қазіргі салық жүйесіне, ал 20% мемлекеттік қолдау шараларымен байланысты. Бүгінде көп жеңілдіктер орта бизнестен гөрі шағын бизнеске бағытталған.

Шектеудің салдары ауыр

«Атамекен» ҰҚП атап өткендей, соңғы екі жылда Үкімет ауыл шаруашылығы өнімдерінің 15 түріне экспорттық шектеулер енгізді. Мұндай шектеу шараларының басты себебі ішкі нарықтағы бағаны тұрақтандыру екені сөзсіз. Алайда, аз уақыт ішінде жиі қабылданатын мұндай шешімдер бизнеске жағымсыз салдар әкеледі. Бұл келісімшарттардың орындалмауы, өнімнің бүлінуі, өндірістің тоқтап қалуы, сондай-ақ жылдар бойы қалыптасқан сыртқы нарықтың жоғалуына алып келеді.

Сонымен қатар, келтірілген деректерге сәйкес, соңғы 5 жылда салалық субсидиялау ережелеріне 50-ден астам түрлі өзгерістер енгізілген. Тұрақты өзгерістер фермерлер мен инвесторларды бағдардан шығарып қана қоймайды, сонымен қатар олардың ұзақ мерзімді даму жоспарларын құруына кедергі келтіреді. Ал ел экономикасы кәсіпкерлердің дамуына тікелей байланысты. Сондықтан, келер 2024 жылы осы мәселелердің түйіні табылар жыл болар деген сенімдеміз.

Нұрбол ЖЫЛЫС, «Заң газеті»

Қазақстанның қарызы алаңдатпай қоймайды. Табиғи байлыққа ғана арқа сүйеген елдің бүгінгі күнге дейін қордаланған қарызы қыруар. Бұл мәселені жыл соңында депутат Ерлан Саиров көтерді.

ҚАРЫЗЫМЫЗ ҚАНША?

Мәжілісте Бюджет кодексін талқылау кезінде Ерлан Саиров «Бюджет кодексінде мемлекеттік қарызды реттеу тетіктері қарастырылуы керек» деген ой тастады.

Халық сенім артып отырған депутаттың бұл мәселені бекер талқыға шығармағаны түсінікті. Себебі, мемлекет қарызының көбеюі мемлекет беделіне көлеңке түсіреді, оның соңы мемлекет тәуелсіздігіне сына қағары сөзсіз. Мұны Ерлан Саиров та дұрыс атап өтті. «Квазимемлекеттік сектормен қосқанда мемлекеттік қарыз 105 миллиард долларға жетті, бұл бүкіл бюджеттің 40 пайызы. Мемлекеттік қарыз 40 пайызға жететін болса, онда елде қаржылық мәселелер басталады. Бұрын кейбір елдер, Аргентина, Греция дәл осындай проблемадан егемендігінен айырылып қалды» деген депутат пікірімен келіспесе әдді жоқ.

«Бұл мәселе тек депутаттарды ғана емес, бізді де алаңдатады, өйткені мемлекеттік қарыздың өсуі жақсы емес. Соған қарамастан, бүгінде барлық ковенант жоғары деңгейде. Біз мемлекеттік қарызды көбейтпеу шараларын қабылдап жатырмыз» деп Премьер-Министрдің орынбасары – Қаржы министрі Ерұлан Жамаубаев бұл мәселенің тігінін жатқызып, иінін жұмсартқысы келгенімен, берешектен біртіндеп құтылудың амалын ойластыру кезек күттірмейді. Себебі мемлекет мойнындағы қарыз – елдің ұлттық қауіпсіздігіне төнген қатер. Мұндай қарыз салдарынан кейбір мемлекеттердің егемендігінен айырылғаны тарихтан белгілі. Сондықтан, қарызды қайтаруға қатардағы мәселе деп емес, ешкімге жалтақтамай, азат өмір сүрудің тетігі деп қарап, берешексіз өмір сүрудің механизмін ойластыратын кез келді.

А.САТЫБАЛДЫ, «Заң газеті»

ҚАУІПСІЗДІК

«САЛЮТТЕН» САҚ БОЛЫҢЫЗ!

Жыл сайын қазақстандықтар отшашуға қыруар қаржы жұмсайды. Биыл «Салют» атқандарға айыппұл салынатыны туралы ескерту берілгеніне қарамастан, пиротехника құралдарын сатып алушылар қатары қалың. Айталық 2022 жылы елімізге 159,4 тонна фейерверк жеткізілсе, биыл 231,1 тонна тасымалданып, оған 663,6 мың доллар жұмсалған.

Қанша тыйым салынып, қауіпсіздікті сақтау керектігі айтылып жатса да, халықтың қасарысып отшашу алатынына қайран қаласың. Оның зиянын түсіндіру артық. Мәселен, күні кеше Павлодарда көпқабатты үйлердің бірі өртке оранып, төтеншеліктердің арқасында тез арада өшірілді. Бұл іске департаменттің 30 қызметкері жұмылдырылған. «Мереке алдында пиротехникадан 13 адам зардап шекті. Оның оны ересек, үшеуі жас бала. Он екісі ауруханаға жеткізіліп, отшашудан алған күйік жарақатынан ем алды» дейді Павлодар облысының төтенше жағдай департаменті.

Осы ретте жаңа жылды отшашусыз елестете алмайтын азаматтар бірнеше сақтандыру шарасын есте ұстауы керек. Ақыры ақша шығарып алған соң пиротехниканы оттан алып, от жағылатын орындардан тысқары жерде сақтаған дұрыс. Отшашуды тек ересектердің қатысуымен, үйлер мен адамдардан 20 метр алыс жерде қолданған жөн. Ел қауіпсіздігіне қатер төндіргендерге жауаптылық бар.

Айталық, Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 436-бабы, 2-бөлігіне сай, жеке тұлғалардың тыныштығын бұзып, елді мекендерде және талапқа сай емес орындарда пиротехникалық бұйымдарды қолданғандардың пиротехникалық заттары тәркіленіп, 20 АЕК (2023 жылы 69 000 теңге, 2024 жылы 73 840 теңге) мөлшерінде айыппұл төлейді. Осындай әрекетті он алты жасқа дейінгі кәмелетке толмаған адам жасаған жағдайда пиротехникалық бұйымдар тәркіленіп, ата-анасына немесе оларды алмастыратын адамдарға ескерту жасалады немесе жиырма АЕК мөлшерінде айыппұл салынады.

Осы баптың екінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған жағдайда жауапты адамның пиротехникалық бұйымдары тәркіленіп, отыз АЕК мөлшерінде айыппұл салынады.

Сонымен бірге, ел тыныштығын бұзып, түнде отшашу ататындарға да жаза барын ұмытпайық. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 437-бабы 1-бөліміне сай, жеке тұлғалардың қалыпты демалысына кедергі келтіріп, шу шығарып, демалыс және мереке күндері сағат 23-тен таңғы 10-ға дейін тыныштықты бұзған жеке тұлғаларға – бес, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға – жиырма, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – отыз, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне 100 АЕК мөлшерінде айыппұл салынады.

А.САТЫБАЛДЫ, «Заң газеті»

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ЗАҢЫ МЫҚТЫ ЕЛДІҢ ДАМУЫ ТЕЗ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Жаңару уақыты

Расында, өтіп бара жатқан жыл еліміздің жоғарғы заң шығарушы органы үшін қауырт жұмысқа толы болды. Парламент Мәжілісінің биылғы соңғы отырысында Палата спикері бұл кезеңді нағыз жаңару уақыты деп мәлімдеді. Расында көктемгі сайлау қорытындысы бойынша алты саяси партия мен бірмандатты округтен сайланған депутаттар келіп, Мәжіліс құрамы біршама жаңғырды. Осының арқасында төменгі палатада пікірлер плюрализмі қызып, заңдардың бағыты да, мазмұны да уақыт талабына, халық сұранысына жақындай түсті.

Сессия басталғалы бері Палатаның қарауында барлығы 106 заң жобасы болса, бүгінде соның 35-і қабылданып, Сенатқа жіберілді. 26 заңға Мемлекет басшысы қол қойған. Қошанов мырза әділетті Қазақстанның негізі – сапалы әрі қоғамға қажетті заңдар екенін айта келіп, депутаттық корпусының Президенттің сайлауалды бағдарламасын іске асыруға, жыл сайынғы жолдауларда айтылған тапсырмаларын орындауға күш-жігерін салғанын мәлімдеді. Бұл сөз шындықтан алыс емес. Өйткені, өзекті мәселелерді шешуге бағытталған заңдардың бірқатарына мәжілісшілер өздері бастамашылық жасап, дайындады.

«Заңсыз немденілген активтерді мемлекетке қайтару туралы» заң

Бұл құжат сыртқа кеткен қыруар қаржымен қатар, ел ішіндегі ірі нысандардың активтері, дүние-мүлкі мен төленбей қалған салықты қазынаға қайтаруды көздейді. Құжат негізінде олигополияға қатысы бар, яғни бұрын билік тізгінін ұстаған, не квазимемлекеттік компанияларды басқарған тұлғалардың тексеруге жол ашты. Заңды бұзған адамдардың барлығы да түгелдей жауапқа тартылатын болды. Бұл орайда олардың олигополия өкілінің немесе жемқорлыққа барған тұлғаның көлік жүргізушісі, танысы, ағайын-туысы болуы, яғни, заңсыз алынған активтерді сол азаматтардың атына жазып қою мүмкіндігі ұмыт қалмады.

Сонымен қатар, жеке тұлғалардың активіне тергеу амалдарын жүргізу кезінде банк саласындағы ашықтық қамтамасыз етілді. Бұған дейін банк құпиясын зерттеп-зерделеу мүмкін болмап еді. Бүгінде белгілі болып отырғандай, заңның қабылдануы күдіктілерге тиесілі

банк салымдарын зерттеу процесін айтарлықтай жеңілдетті. Соның арқасында елге 1 триллион теңге көлемінде активтер қайтарылды.

Жайылымдар мәселесі шешілетін күн жақын

Депутаттар бастамасымен әзірленген тағы бір түзетулер «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жайылымдарды пайдалану мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасы болды. Бұл құжат Мәжілістің биылғы жылдағы соңғы отырысында мақұлданып, Сенатқа жолдама алды. Егер Жоғарғы Палата қолдайтын болса, оның негізінде халықтың мұқтажын қанағаттандыруға арналған жайылымдарды ауыл шаруашылығы алқаптарының басқа түрлеріне ауыстыруға тыйым салуды белгілеу, жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспардың мазмұны мен қолданылу мерзімдерін өзгерту, «көпшілік пайдаланатын жайылымдар» ұғымын енгізу, орман мекемелерін жыл сайын аудан әкімдіктеріне мемлекеттік орман қорының жайылымдық алқаптары туралы мәліметтер беруге міндеттеу, жайылымдарды түбегейлі және олардың беткі қабатын жақсартуды жүргізу және оларды суландыру бойынша шығындарды субсидиялау жүзеге аспақ.

«Ұлттық қор балаларға»

Ел мүддесі ескерілген тағы бір заң ретінде «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан балаларға арналған қаражатты есептеу, төлеу және пайдалану мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңды айтуға болады. Бұл құжат бойынша келер жылдың 1 қаңтарынан бастап, Қазақстанда «Ұлттық қор балаларға» жобасы іске қосылып, Ұлттық қордың 50 пайызы арнайы шотқа жіберіледі. Оны балалар 18 жасқа толғанда ғана шешіп ала алады. Оған дейін бұл қаржы Ұлттық қор шешімімен инвестицияланып, табыс әкеліп отыруға тиіс. Жоба аясында қаржыны оқу ақысын төлеуге, тұрғын үй алуға жұмсауға болады.

«Қазақстанның бүкіл табиғи байлығы халыққа тиесілі»

Депутаттардың бастамасымен жер қойнауы туралы заңнамаға

түзетулер енгізілді. Енді жаңадан ашылған барлық ірі мұнай-газ кен орындарының 50 пайыз үлесі міндетті түрде мемлекеттің меншігінде болуы керек. Бұл заң Президенттің «Қазақстанның бүкіл табиғи байлығы халыққа тиесілі» деген конституциялық бастамасын жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, зиянды жұмыс жағдайларында еңбек ететін азаматтарды әлеуметтік қолдау мәселесі шешілді.

Мәжіліс қабылдаған маңызды заңдардың бірі бизнеске үлкен қолдау болатын «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне бизнес жүргізу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң. Бұл құжатпен жұмыс істеу барысында депутаттар кәсіпкерлік қызметті жүргізу жағдайларын жақсартуға, мемлекеттік бақылау жүйесін ретке келтіруге, оларды жүргізудің ашықтығын арттыруға бағытталған түзетулер енгізді. Атап айтқанда, өңдеу өнеркәсібі кәсіпорындарын отандық шикізатпен қамтамасыз ету, әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына шекті сауда үстемесі мөлшерінің сақталуына мемлекеттік бақылауды күшейту, бизнесті бақылаушы және қадағалаушы органдардың заңсыз араласуынан қорғау мақсатында тергеу-тексерулер жүргізу рәсімін регламенттеу және тағы басқалар. Ұсынылып отырған түзетулер бизнесті қорғауға және жауапкершілікке тарту, кедендік төлемдер мен салықтарды қосымша есептеу фактілерін болғызбауға, бақылау және қадағалау органдарының бизнес субъектілеріне қатысты негізсіз тексерулерін, бақылау субъектісін тексеруге іріктеу кезінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің алдын алады деген үміт бар.

Дискуссия көшеде емес, Парламент қабырғасында жүруі қажет

Өтіп бара жатқан жылда Мәжілістің қазақстандықтарды толғандыратын мәселелер талқысының алаңына айналғанын айту парыз. Үкімет депутаттық корпус алдында лудомания, вейп индустриясының залалы, діни тәрбие, өндірістің қауіпсіздігі, бағаның өсуі бойынша есеп берді. Тұрғындардың несиеге батуы және тұрғындардың қаржылық сауаттылығы бойынша арнайы Парламенттік тыңдау өтіп, бұл жиындарда халық қалаулылары өз ұсыныстарын ортаға салды. Олардың бірқатары несиеге барысында тәуекелдерді азайту мен борышкерлер құқын қорғау туралы



пидың ұрланған активтерді қайтаруға қатысты, Н.Аралбайұлының базардағы заңсыздықты тексеру жайлы, С.Пономоревтың су және сумен қамтамасыз ету шаралары туралы сауалдары өзектілігімен, нақты ұсыныстарымен ерекшеленді деуге болады.

Олардың кейбіреуіне тоқтала кетсек, мәселен, Ермұрат Бапи Бас Прокурорға жолдаған сауалында активтерді қайтару жөніндегі құрылған комитеттің қоғам алдында құпия емес алғашқы іс-шараларын жария етіп, көпшілік алдында бір пресс-конференция беруін талап етті. Ұрланған активтердің елге қайтарылуын, қазынаға қанша қаржы түсерін бағып отырған қоғам бар екенін ұмытпау керектігін ескертті. Ұрланған активтер елге қайтады деген халықтың әзірге үзілмеген үміті мен сенімін күл-парша қылуға ешкімнің қақысы жоқ екенін, оған депутаттардың жол бермейтін батыл мәлімдеді.

заң жобасына енгізілді. Бұл жылы конституциялық реформаны жүзеге асыру мақсатында Жоғары аудиторлық палатаның есебін тыңдау тәжірибеге енді. Осы шараның барысында депутаттар жылумен қамтамасыз ету және су ресурстары жайлы есепті тыңдап, салаларда қалыптасқан мәселелерді айқындады, шешу жолдарын талқыға салды.

Бұл кезеңде, сонымен қатар, Қоғамдық палата жұмысының белсенділігі артты. Ерлан Қошановтың айтуынша, өтіп бара жатқан жылда барлық фракцияның депутаттары өз сайлаушыларымен тығыз байланыста болып, ерекше қарқынмен жұмыс атқарды. Мәжілісте тұрғындардың көкейінде жүрген өзекті мәселелердің бәрі қаралды. Бұл министрлерге қойылған сұрақтарда да, заң жобаларын талқылау кезінде де, депутаттық сауалдарда да анық байқалды.

Президентіміз айтқандай, пікірталас, дискуссия көшеде емес, Парламент қабырғасында жүруі қажет болса, жаңарған заң шығарушы органдар бұған барлық жағдай жасалды. Бұл сессияда айрықша байқалған жағдай депутаттардың құзырлы орын басшыларына сауал жолдау арқылы ел аманатын атқаруға құлшынысы. Онда барлығы 233 депутаттық сауал жолданыпты. Олар қамтыған мәселе ауқымы өте кең болып, мазмұны да жаңа деңгейге көтерілді деуге болады. Десе де, тұтастай алғанда депутаттар өздерінің биік құзыреттерін пайдаланып, қоғамдағы өзекті мәселелерге үн қосуға тырысты.

Сауатты сауал – депутат қаруы

Солардың қатарында депутаттар Д.Қасқарауовтың жеке деректерді қорғау бойынша, А.Перуашевтің Үкіметтің дербестігі жайлы, Е.Сайровтың коммуналдық инфрақұрылым мәселелері туралы, Е.Ба-

Ал, Азат Перуашев өз сауалында Мемлекет басшысының «...экономикалық саясаттың іске асырылуына Үкімет толығымен жауап береді. Бюрократияға салынбай, Президент Әкімшілігіне жалтақпай, экономиканы дербес басқарудың барлық әдіс-тәсілдерін қолында ұстауға тиіс» – деп атқарушы билікке нақты тапсырма бергенін, мұның – демократия мен шенеуніктердің жеке жауапкершілігі жолындағы нақты қадам екенін мәлімдеген болатын. Оның айтуынша, Мемлекет басшысы Үкімет мүшелері Президент Әкімшілігінің қадағалауынан босатып, іс-әрекет еркіндігін беріп, жауапкершілікті мойнына алуды тапсырды. Бұл шешім, «күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» қағидатына толығымен сәйкес келеді. Сондықтан Үкімет бұдан былай, Әкімшіліктің емес, Президент пен Парламенттің алдында есеп беруі тиіс. Алайда, Үкімет бұл тапсырманы орындауға әлі де асығатын емес. Сауатты болып көрінетін министрлер жауапты сәтте жалт беріп, әкімшіліктен «құнды нұсқауларды» күтеді. Әлі күнге дейін күрделі мәселелер тек Президенттің тікелей бұйрығынан кейін ғана қабылданады.

Қалай дегенде де, Парламент жылдан жылға жұмысын ширатып, уақыт талабына сай болуға күш салуда. Бұған өз кезегінде оянған, өз құқық талап етуге бет бұрған, қоғамдық белсенділігі артқан халықтың да ықпалы жоқ емес. Әсіресе, әлеуметтік желіде күшейген сын, барлық мәселенің ашық айтылуы қалаулыларымыздың сергек болып, өз сөзіне, әрекетіне жауаптылығын арттырғандай. Әрине, жұмыс істелген жерде қателіктің орын алуы заңды. Кәсіби Парламентке жету жолында мұның бәрі тиімді сабақ болары даусыз.

Айша ҚҰРМАНҒАЛИ,
«Заң газеті»

ОҚЫРМАН ХАТЫ

БОЛАШАҚ АЛДЫНДА ЖҮЗІМІЗ ЖАРҚЫН БОЛСЫН!

Құрметті Алаштың азаматтары, билері, елдің мұң-мұқтажын жазып жүрген журналшы бауырларым, ұлдарым, қыздарым! «Өткен жылға өкпе жоқ» дей отырып, алдағы жылда еңбектеріңіз жаныш, табыстарыңыз арта түссін, сіздерді қолдап отырған оқырмандарыңыз көп болсын!

Мен жасым сексеннің жетеуіне келген сот саласының ардагер ақсақалымын. Қазақ басшыларым ұзбей, жыл сайын жазылып отырым. Шындық, әділдік – сіздерде.

Айтайын дегенім, Маңғыстаудың миллионға жақын тұрғыны бар. Сол халықтың бар байлығы – төрт мемлекетпен шектесіп жатқан толққан теңізі, күнкөріс кәсібі – жерасты мұнайы.

«Елу жылда ел жаңа, жүз жылда қазан» демекші, жетпіс жылдай шұрық тесік қылып түбегімнің бүтін жерін қалдырмай сорып келе жатқан мұнайымыздың да түгесілетін сәті жақын. Жаңа Қазақстандағы жобалармен

жаңа бір өндіріс орындары ашылмаса Маңғыстау халқы «Ақтабан шұбырынды» бола ма деп қорқамын.

Отыз жылдан бері әкім-қаралардың: «Кендірліден қала саламыз, дүниежүзінің самолеттері қонатын аэропорт саламыз, шипажай, курорт ашамыз, Құрықтан он бір өндірістік завод саламыз, дүниежүзінің туристері ағылып келетін болады. Жетібай – Анталия болады. Форт Шевченко – екінші Стамбул болады, Баутино дүние жүзілік кеме-тер аймағы болады, Ақтау сити саламыз, т.б. жұмақтар орнатамыз» деген уәделері әлі орындалмай жатыр.



Өндірілген мұнайымызды өзімізде өңдейміз деп мұнай заводын салып еді, бітіре бергенде құлатып, табанына дейін сыпырып алып кетті, құс фабрикасын салды, қанша ақша шығарып

салған қарайған құрылыс қаңырап тұр. Болашағына алаңдаған жергілікті халықтың, әсіресе жастардың билікке деген өтініш-шағымдарын сіздердің газеттеріңіз арқылы үкіметтің құлағына жеткізсем деген ниетпен қолыма қалам алып отырым.

Дауласу деген жауласу емес, соны дұрыс түсіну керек. Біз еліміз жаман болсын демейміз. «Сын түзелмей, мін түзелмейді», керіп отырып үндемей қалу ерге сын. Мәселені дер шағында араласып шешіп отырса, соны ешқандай дауға ұласпайды. Аймақтың мәселесі көп ұзамай шешілер деп үміттенеміз.

Құрметті «Заң газетінің» журналшылары, маңғыстаулықтардың жанайқайына төртінші билік ретінде шұғыл журналистік тексеру жүргізіп, жарияласаңыздар. Бүгінгі күн – ертеңгі тарих. Бүгінгі күнге жеткізген бабалардың аманатын сақтай алмай, ертеңгі тарихымызды жазғанда болашақ ұрпақтың алдында бетіміз қызармасын.

Жаңа жылымыз жақсы жаңалықтарымен келіп, Ел бірлігі артып, іргеміз мықты болсын!

Итемген ОРЫНБАЙҰЛЫ,
сот жүйесінің ардагері.

МИНБЕР

КОНСТИТУЦИЈАЛЫҚ СОТ – ЖЫЛДЫҢ БАСТЫ ЖАҢАЛЫҒЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Осы заңмен кәметке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған соттардың құзыреті кеңейтілді. Соған орай аталған соттардың қарауына азаматтық істердің бірқатар санаты берілді.

Атап айтсақ, осы соттар кәметке толмаған ортақ балалары бар ерлі-зайыптылар арасындағы некені бұзу, мүлікті бөлу, алимент төлеу, оның мөлшерін өзгерту, алименттер бойынша берешекті төлеуден босату, кәметке толмағандардың мұрагерлік құқықтарын қорғау, сондай-ақ, Қазақстанға заңсыз алып келген немесе ұсталып отырған баланы кері қайтару туралы, т.б. кәметтік жасқа жетпегендердің заңды құқықтары мен мүдделері қозғалатын істер мен даулардың барлығын қарау құқығын алды.

Ата Заңмен айқындалғандай, судьялар сот төрелігін атқару кезінде тәуелсіз, тек Конституция мен заңға ғана бағынады және олар нақты істер бойынша есеп бермейді. Демек, ешқандай да мемлекеттік органдар, қоғамдық ұйымдар мен лауазымды адамдар қайсыбір түрде болса да судьяларға ықпал жасай алмайды. Сондықтан, күштік құрылымдар

тарапынан судьяларға қандай да бір қысым жасау тетіктерін болдырмау үшін оларға қатысты жасырын арнайы жедел іс-шаралар Бас Прокурордың санкциясы болған кезде ғана жүргізілетіні заңнамалық тұрғыда бекітілді. Бұрын мұндай әрекеттерге облыс прокурорларының санкциясы жеткілікті болатын.

Сот жүйесі өз бюджетін қалыптастыруда да қаржыландырудың жаңа моделіне осы жылы қол жеткізді. Бұған дейін соттардың бюджетін Үкімет пен Парламент шешіп келсе, енді қаржы көлемі республикалық бюджетте нақты бекітілетін болды. Мұндай дербестік соттардың тәуелсіздігін одан әрі нығайтты.

Саладағы барлық реформа азаматтардың бұзылған құқықтарын тез арада қалпына келтіріп, сот арқылы қорғалу мүмкіндіктерін одан әрі арттыруға, сол арқылы сотқа деген сенімді нық қалыптастыруға бағытталған. Сондықтан, жаңа бастамалар мен игі істер үздіксіз жүргізіліп, жылдан-жылға жалғасары анық. Бұл ретте Жоғарғы Сот пен Сот әкімшілігі тарапынан іске асырылып жатқан реформалар өз нәтижесін беруде.

Сот реформасы бойынша заңнамалық түзетулердің екінші блогы



қолға алынып жатыр. Бұл түзетулерді Сенат алаңында арнайы құрылған жұмыс тобы әзірлеген. Өзгерістер «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Конституциялық заңға, процестік кодекстерге, сондай-ақ бірқатар арнайы заңдарға енгізіледі. Мұндағы негізгі жаңашыл-

дық – қылмыстық және азаматтық істер бойынша кассациялық өтінішхаттарды алдын ала қарауды алып тастауға бағытталған. Бұл ретте ел Президентінің тапсырмасы бойынша дербес кассациялық инстанциялар құру мәселесі пысықталып жатқанын айта кету керек.

Заң жобасы сондай-ақ, Сот алқа-

сының және Сот төрелігі сапасы жөніндегі комиссияның жұмысын жетілдіруді, судьялардың тәуелсіздігін күшейтуді көздейді. Мемлекет басшысының тапсырмаларын іске асыру аясында апелляциялық немесе кассациялық сатыдағы сот актісінде көрсетілген өрескел бұзушылықтардың барлық фактісі автоматты түрде Сот алқасына берілетін жаңа механизм енгізілуде. Сондай-ақ, бағалау көрсеткіштерінің саны оңтайланады, отставкадағы судьялар үшін әлеуметтік пакет жақсартады, мемлекеттік қызметкер болып табылмайтын заңгерлер үшін Сот төрелігі академиясында оқу қолжетімді болмақ.

Мемлекет басшысы халыққа арнаған дәстүрлі жолдауында «Біздің бүгінгі бастамаларымыз Қазақстанның болашағын айқындайды» деген болатын. Соттардағы жүйелі жұмыстар үшінші билік өкілдері мақсатының айқын, бағытының анық екенін білдіреді.

Т.СМАҒҰЛҚЫЗЫ, «Заң газеті»

БЕЗБЕН

ТӨРЕЛІК АЛАҢЫНДАҒЫ ШУЛЫ ІСТЕР ТОЛАСТАҒАН ЖОҚ

Биыл соттарға оңай тиідей алмаймыз. Астана мен Алматыдан бөлек, облыс орталықтарының бәрінде шулы істер таразы басына салынып, сот процесінің ұңғыл-шұңғылы ғана емес, судьялардың білім-білігі, төрелік алаңындағы өзін-өзі ұстау дағдысы, сөйлеген сөзі, шығарған үкімі түгелдей көпшілік талқысына айналды. Халықтың жіті назары судьяларды шыңдады, әр ісіне жауаптылықпен, жоғары сауаттылықпен қарауына ықпал етті.

лиард теңге көлемінде материалдық шығынды өтеген.

Бұл сотқа қатысты да сауал аз қойылмады. «Ақшасы барлар осылай бостандыққа шыға бере ме?», «Мұндай үкім дәстүрге айналып кетпей ме?» деп уайым қылғандардың қарасы қалың. Бұл жерде Боранбаевтың ісі дәрежеленген өзге баптарды былай қойғанда, Қылмыстық

нақүйін тартып алды деген жаңа баппен іс жүрде. Арыстанбек Мұхамедиұлының

жариялаудан тыйыла-ры күмәнсіз.

Бас прокурату-



Әсіресе, қаңтар оқиғасына қатысты істер сот жұмысына ерекше қызығушылық тудырды. Ел алдында жүрген, құқық қорғау құрылымдарының тісі бата қоймайды дейтін Кәрім Мәсімов, Қайрат Сатыбалды, Қайрат Боранбаев сынды серкелердің айыпты орындығына отыруы ешбір мансап, ешқандай байлықтың мәңгілік еместігін ұқтырғандай.

Бұған дейін Президенттіктен басқа биік лауазымның бәрін атқарған Мәсімовке мемлекетке опасыздық жасады және билікті басып алуға әрекеттенді деген айып тағылып, 18 жылға бас бостандығынан айыру жазасы берілген еді. Мұндай ауқымды қылмысты жалғыз адамның жасамайтыны белгілі. Соған орай, Мәсімовтің жанындағы серіктері де жазадан тыс қалған жоқ. Осылайша Әнуар Садықұлов 16 жылға бас бостандығынан айырылса, Дәулет Ерғожин 15 жылдың темір торда өткізеді. Бұл істі Астана қаласы қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соты қарады. Мемлекеттік құпия деректер айтылады деген себеппен іс жабық өтті. Сондықтан, былайғы халық Мәсімов ісіндегі судья қызметіне тек үкімге қарап баға берді.

Қазақстандағы ауқатты 50 адамның бірі саналатын Қайрат Боранбаевтың ісін де жұртшылық үлкен қызығушылықпен бақылады. «Esentai Mall», «Esentai Tower» орталықтары мен «Алмалы» сауда-ойын сауық орталығының қыруар табыс тауып келген Боранбаевқа «сеніп тапсырылған бөтеннің мүлкін иемденді» және «қылмыстық жолмен алынған ақшаны жымқыруға атсалысты» деген айып тағылған еді. Астана қаласы Сарыарқа аудандық №2 соты Дариға Назарбаеваның бұрынғы құдасының мүлкін тәркілеп, 8 жылға бас бостандығынан айыруға үкім шығарды. Қыркүйек айында кәсіпкер жазасын алты жылға дейін қысқартты. Бір айдан кейін, қазан айында сот жазаның өтелмеген бөлігін бостандықты шектеуге ауыстырды, ал қараша айында Боранбаев бостандыққа шықты. Оған дейін екі жыл төрт ай түрмеде отырған кәсіпкер тергеу аясында 14,5 мил-

лиард теңге көлемінде материалдық шығынды өтеген. Бұл сотқа қатысты да сауал аз қойылмады. «Ақшасы барлар осылай бостандыққа шыға бере ме?», «Мұндай үкім дәстүрге айналып кетпей ме?» деп уайым қылғандардың қарасы қалың. Бұл жерде Боранбаевтың ісі дәрежеленген өзге баптарды былай қойғанда, Қылмыстық

кодекстің 189-бабы 4-бөлігінің өзі жеті жылдан он екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруды көздейді. Ал кәсіпкерге бұдан бөлек, Қылмыстық кодекстің 28, 218-баптарымен «қылмыс жасауға жәрдемдесу», «бөтеннің мүлкін аса ірі мөлшерде жымқыру», «қылмыстық жолмен алынған ақшаны және өзге де мүлікті заңдастыру» бойынша айып тағылғанын ескерсек, халықтың сауалы орынды.

Биылғы елді елеңдеткен тағы бір шулы іс – Қайрат Сатыбалды есімімен байланысты. Бұрынғы Президент туысына қатысты іс қозғалғанын естісе де, көпшілік істің сотқа дейін жетеріне, үкімнің шығарына сенген жоқ. Бірақ, Астана қаласы Байқоңыр аудандық №2 соты күрмеуі қиын істі тыңғылықты қарап, Қылмыстық кодекстің 28-бабы 3-бөлігі, 189-бабы 4-бөлігі 2-тармағы, 28-бабы 3-бөлігі 2-тармағы және 95-бабының 4-бөлігінде көзделген қылмысты жасады деген айып тағылған Сатыбалдыны алты жылға бас бостандығынан айырған еді. Жақында Өскемен қаласының №2 соты Қайрат Сатыбалдының шартты түрде мерзімінен бұрын босату туралы арызын қарап, қанағаттандырудан бас тартты. Бұған сотталушының колониядағы іс-әрекеті мен мінез-құлқы себеп болған. «Сот деректерді сараптай келе сотталушының тәртібі мінсіз емес деген шешімге келді. Оған сотталушының киім кию ережесін бұзуы және түрмеде жазаланғаны себеп болды» деп жазылған сот шешімінде.

Экс-министр, Ұлттық музейдің бұрынғы директоры Арыстанбек Мұхамедиұлына қатысты сот та көпшілік назарында тұрған шулы істің бірі. Арыстанбек Мұхамедиұлы бұрынғы орынбасары Алмаз Нұразхан мен Азамат Көшенов және Айым Сәдуақасовамен бірігіп «Алтын адам шеруі» көрмесін өткізуге бөлінген 221 миллион 411 мың 730 теңге қаржыны жымқырды деген айыппен 8 жылға сотталған. Елордадағы Байқоңыр аудандық №2 сотында 17 сәуірден басталған сот отырысы бірнеше процеске созылып, тек бір айдан кейін ғана іске нүкте қойылды.

Бірақ, Мұхамедиұлының жыры мұнымен бітпепті. Қазір экс-министрге «Дипломат» қо-

тағы қанша жылды қосып алары әзірге белгісіз. Күркіреп ғұмыр кешкен Күдебаевтың да дәурені аяқталды. Қаңтар оқиғасы кезінде департаментті тастап кеткен генерал «Мен кінәлі емеспін. Халқыма оқ атпадым. Азаптау болмады. Тағылған айыптар сотта дәлелін таппады» деп ақталғысы келгенімен, Қылмыстық кодекстің 370-бабы 4-бөлігінің 1-тармағы «Ауыр зардаптарға әкеп соққан қызметтегі әрекетсіздік» бойынша жауапқа тартылды. Алматы облысы Полиция департаментінің бұрынғы басшысы 10 жылға сотталып, мемлекеттік наградалары мен полиция генерал-майоры шенінен айырылған болатын. Бір қылмысқа екіншісін жамаған Серік Күдебаев тергеу кезінде шекара асып, Түркияда ұсталғаны белгілі. Занды беске білетін полицейдің бұл әрекеті де елеусіз қалмады. Алматы облысы Кеген аудандық соты Серік Күдебаевтың жазасына тергеу кезінде елден қашқаны үшін тағы алты ай қосып берді. Осылайша үкім шыққанға дейінгі қамауда отырған мерзімі ескеріліп, жаза мерзімі 10 жыл 3 айға шартты. Кейін Күдебаевтың түзеу мекемесінде аста-төк дастарқанда алаңсыз тамақтанып отырған суреті көпшіліктің үлкен наразылығын тудырған болатын. Бұл сәйкесінше қылмыстық атқару жүйесі комитетінің жұмысын тексеруге мұрындық болғанын айта кетуіміз керек.

Әрине, мына жағдайдан кейін КУИС-тарда бақылау қатары даусыз. Бірақ, халық сынына бола Күдебаевтың туыстары мен жақындары түрмеге тамақ тасымай қоймас. Ең бастысы, жазасын өтеп жүргендер енді түзеу мекемесіндегі бақуатты тірлікті көрсететін суреттерді

ра өкілі Елдос Қылымжановтың «Жалпы елде Қаңтар оқиғасына байланысты 5 065 сотқа дейінгі тергеу амалы тіркелген. 514 күдікті сот санкциясымен қамауда отыр, 337 қылмыстық іс сотқа жіберілді» деген сөзі жадымызда. Осы істердің барлығы да республика соттарында қаралып, шешімін тапты.

Соның ішінде «Алматыда әуежайды басып алмақ болды» деп айып тағылғандарға қатысты сот үкіміне жұрт өкпелі. Халық Әйгерім Тілеужанова, Нұрлан Дәлібаев, Ермұхамет Шилибаев пен Жанайдар Карменовтің әуежайға шабуыл жасағанына сенбейді. Содан болар, істі қараған Алматы қаласының қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының судьясы Мартпек Кәкімжановқа бағытталып айтылған сын аз болмады. Қанды оқиғада оққа ұшқан Айкөркем Мелдеханның өлімі де біразға дейін ұмытыла қоймас. Бұл істе Алматы әскери гарнизонының прокуроры Айдос Ақбергенов күдікті әскери қызметші Арман Жұманды 7 жылға бас бостандығынан айыруды сұраған еді. Ал күдіктінің қорғаушысы әскери қызметшіні толық ақтауды сұрап, бұлтартпас дәлелдер келтірген. Істі таразылаған судья қорғаушының дәлелдеріне сүйене отырып, айыпталушыны ақтап шығарды. Осыған қарап, кейбір істерде азуды адвокаттар жетіспей жатқандай көрінеді.

Талай адамның жан жарасына айналған қаңтар оқиғасына қатысты сот істері толық аяқталған жоқ. Соның ішінде Қанат Құдайбергенов пен «Жабайы Арманға» қатысты қылмыстық істердің қалай аяқталғанын жұрт асыға күтуде.

Міне, біз биыл қазақстандық соттар қараған кейбір шулы істерге тоқталдық. Жалпы, судьялар жүктемесінің жылдан-жылға ұлғайып жатқаны рас. Оларды әділ, сапалы қарау үшін судьялар барын салып қызмет етуде. Әрине, арасында сот беделіне нұқсан келтіріп, бүкіл әріптестерінің жұмысын жоққа шығарып жатқандар да бар. Пара алған, қызметтік лауазымын теріс пайдаланған, Әдеп кодексіне қайшы әрекет жасаған қазылар сот имиджіне көлеңке түсіретіні анық. Жақсылықтан гөрі, жамандықты тез көргіш, тез таратқыш қоғам осындай бірді-екілі судьялардың әрекеті үшін бүкіл сот саласының жұмысына көңілі толмай жатады. Ал бізде әр істі жүрегінен өткізетін, адам тағдырына өз тағдырындай қарайтын адал, жауапты, жанашыр судьялар аз емес. Әділдікті таразын тең ұстап отырған да солар. Сондай судьялардың біразы жүрегі сыр беріп, қызмет жамаған аурудан ерте көз жұмып жатыр. Саланы дамытуға өмірін арнаған судьялар әрдайым жадымызда.

Айнұр СЕМБАЕВА, «Заң газеті»

(Соңы. Басы 1-бетте)

Көрген шығарсыздар, өнеу күні қыздар сахнада тұрған өншіге ішкімін лақтырған. Ал хиджап киген қыздар көшеде бірін-бірі тепкілеп жатыр. Оны біреулер түсіріп, тик-токқа, фейз-букка салуда. Хиджабты жастар дінге берілгеннен емес, оны мода сияқты көргеннен киіп жүргендей көрінеді кейде. Сол сияқты жап-жас балалар беліне дейін сақал-мұртын өсіріп жүр. Мұндай жағдай бізде қашан болып еді? Сондықтан біз үшін қазіргі ең басты мәселе әлеуметтік тұрмыстың жақсаруы емес, мәдениетімізді, ұлттық қасиетімізді сақтап қалу болуы тиіс. Сол ғана бізге экономиканы ары қарай көтеруге негіз болады. Егер оны ысырып қойсақ, біз он жерден экономиканы көтерейік, ұлттық ерекшелікті сақтай алмайық.

— Мұндай жағдайдың қалыптасуына не түрткі болып отыр?

— Бірінші, Мемлекет басшысының жыл сайынғы жолдауында, маңызды бағдарламаларында айтылған тапсырмаларды жүйелі іске асыруымыз керек. Екінші, құрғақшылыққа байланысты Су ресурстары және ирригация

мәселе — экономикалық қауіпсіздік болып тұрған жоқ па?

— 2024 жылы да ол басты мәселе болып қала береді. Экономикалық қауіпсіздікте өз-өзімізді қамтамасыз етпесек, бізді ешкім ойламайды. Бұрын мұнай сатып, қалғанын одан түскен ақшаға сатып аламыз деп ойлайтынбыз. Ол қате тұжырым болды.

Екінші, коррупциямен күресті әлі де күшейту керек. Онсыз ел болуымыз қиын. Бүгін ел үміт етіп отырған шенеуніктердің күнде біреуі қамалып жатыр, сонда да жемқорлық тоқтамайды. Жемқорлар балабақшадан балалардың азығын ұрлап жатқан соң, елдің ынсап-тойымсыздығына қатысты не дейміз! Мұнай, металл ұрласа түсінуге болар. Баланың аузынан жырып, тамақтан үнемдеп тиын жегендердің әрекетін қалай ақтауға болады? Осындай абыройды төмендететін шенеуніктер елімізді әлемге масқара ететін болды.

— Экономикада қандай да бір жаңа жоба жасау реактивті ұшақ жасаумен бірдей деген пікір қаншалықты рас? Үкімет биыл қолданыстағы 9 Ұлттық жобаның күшін жою туралы қаулы шығар-



Әзімхан САТЫБАЛДИН, э.ф.д., профессор, ҚР ҰҒА академигі:

«ӘЛЕУМЕТТІК ЖАҒДАЙДАН МОРАЛЬДЫҚ АХУАЛ МАҢЫЗДЫ»

министрлігі құрылды. Байқап отырымын, министр Нұржан Нұржігітовтің 3 айдың ішінде бармаған жері жоқ. Аймақтың бәрін аралап шықты. Сенбіде кездесіп, пікір алмастық. Каспий саязданып бара жатыр ғой. Оның мәселесін де шешеміз дейді. Теңізді зерттеуге Маңғыстаудан арнайы институт ашып жатыр. 2 ай бұрын Сәтбаев университетінде су мәселесі бойынша кездескенбіз. Онда министрге біз кемінде 2-3 зауыт салуымыз керек деп айттым. Тамшылатып суғару бар, басқасы бар, бізге оларды өзімізде жасауға көңіл бөлу қажет.

Жалпы тамшылатып суғару негізі Қазақстанның жасалымы болатын. Ол бұрын Жамбылдағы су шаруашылығы институтында шыққан. Кейін түрлі себеппен олар Израильге кетіп қалып, қазір оған өзіміздің қолымыз жетпей қалды. Қазір біз үшін Астанадағы ЛРТ-ны аяқтаудан, су мәселесін шешуге ықпал ететін құрал-жабдықтар өндіретін жаңа зауыт салған маңызды. 1 млн халқы бар Астанада қоғамдық көлік қызметін жақсартуға автобус та жетеді ғой. 2 млн тұрғыны бар Алматы да тұншығып жатқан жоқ. Егер біз қазір көңіл аудармасақ, ертен ауыз суға зар болып қалуымыз мүмкін. Қазір біздің пайдаланып отырған нәріміздің 6 пайызы ғана жер асты суы екен. Сондықтан жер үсті суын дұрыс пайдаланбасақ, еліміздің болашағы қиын болады. Бізге бір ғана ауыз су емес, суармалы жер де керек. Қазақстанда 3,2 млн гектар суғармалы жер бар екен. Одан айырылып қалдық қой. Суармалы жердің көлемін 500 мың гектарға ұлғайтамыз деп жатыр. Оны қалпына келтіру үшін жағдай керек.

— Қазіргі жағдайда ең басты

...Коррупциямен күресті әлі де күшейту керек. Онсыз ел болуымыз қиын. Бүгін ел үміт етіп отырған шенеуніктердің күнде біреуі қамалып жатыр, сонда да жемқорлық тоқтамайды. Жемқорлар балабақшадан балалардың азығын ұрлап жатқан соң, елдің ынсап-тойымсыздығына қатысты не дейміз! Мұнай, металл ұрласа түсінуге болар. Баланың аузынан жырып, тамақтан үнемдеп тиын жегендердің әрекетін қалай ақтауға болады? Осындай абыройды төмендететін шенеуніктер елімізді әлемге масқара ететін болды.

ды. Бағыт-бағдар жоқ болғандықтан, енді дамуды қалай жүйелейміз?

— Бұл жағдай бәрімізді ойландыруы керек. Бұған дейін қабылданған мемлекеттік бағдарлама мен Ұлттық жобалар неге орындалмады, оған не кедергі болды деген сауалға жауап ізделгені жөн. Олар қаржы жетпеген соң орындалмай қалған жоқ. Қаржысы жоқ бағдарламаны ешкім бекітпейді. Ал қаржы қайда кетті? Неге басы таудай болған жобаның соңы қылдай болды? Оны жабудың себебіне, түбіне үңілуіміз керек. Оның орнын немен толтырамыз? Бағдарлама жабылғанмен, оның заты елімізге бәрібір керек қой. Керегі жоқ болса, мұндай жобалар жасалып, көпшілікке ұсынылмайтын еді ғой. Ешкім алдын ала ұрлаймыз деп бағдарлама жасамайтын шығар. Бірінші оның орындалу тетігін емес, қаржыландыру көзін табу керек. Мұндай мәселені айтқанда бізді ойландыратын тағы бір түйткіл аяқтан тартады. Ол — кадр тапшылығына қатысты. Өткенде бір апта аяз болып еді. Кейбіреулер не істерін білмей, бізге

бөленше мың энергетик керек деді. Сонда осы уақытқа дейін дайындалған мамандар қайда кетіп жатыр? Ұлттық экономика министрлігі, Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі немен шұғылданып жатыр?

— Өзіңіз қызмет жасайтын Экономика институтының 65 жылдық тарихы бар. Институт мамандарды елімізде осы уақытқа дейін қабылданған мемлекеттік бағдарламалар мен Ұлттық жобаларды әзірлеушілердің бел ортасында жүрген шығар. Сол себепті Ұлттық жобалардың жабылуына қатысты ғалым ретінде өз ойыңызды білсек?

— Жоғарыдағы жобалардың дайындалуына бізді қатыстырған жоқ. Шынын айтайын, мұндай жобаларға біздің тек ұсыныстарымызды ғана алады. Оны ары қарай не істеп жатқанын білмейміз. Сіз айттып отырған мемлекеттік бағдарламалар мен Ұлттық жобалар ғылымнан тыс дайындалып, қабылданатын жатыр.

— Үкімет құрамындағы құзырлы министрліктер өз қарамағын-

дағы ғылыми-зерттеу институттарының әлеуетін тиімді пайдалану үшін не істеу керек?

— Ғалым ретінде айтар болсам бәрі ұстағанның қолында, тістегенің аузында кетіп жатыр. Біз ең алдымен бір мәселені шешуіміз керек. Ол — мемлекетке не қажет? Қаныш Сәтбаев қайдан шықты? Соғыс кезінде бізге қорғасын, оқ керек болды. Сәтбаев рюкзасын алды да, шәкірттерін ертіп алып мысты, қорғасынды іздеді. Біз де ең алдымен қазір өзімізге не керек-

отыру, бағыт-бағдар беру. Сол үшін 3 ай сайын министрлерді қабылдап, есептерін тыңдайды.

Жалпы ішкі өнімде жыл сайын 3-7 пайыз өсіп отырсақ, соның өзі жетіп жатыр. Жалпы, ішкі өнім өсіп жатқанда да ешкім оның қаншасы бізде қалып, қаншасы сыртқа кетіп жатқанын айтпады. Оның иесі тек Қазақстан ғана емес қой, біз салығын ғана алып отырмыз. Оның қанша пайызы инвесторлардың үлесінде екенін біз әлі толық біле бермейміз. Бұл үшін ұлттық өнім деген бар, жалпы ішкі өнім деген бар. Олардың айырмасын халықтың білмегені билікте отырған адамға тиімді. Біз қазір елімізде өндіріліп жатқан 80 млн тонна мұнайдың 15-17 млн тоннасын ғана пайдаланамыз. Егер сауаты өссе, халық «қалғаны қайда кетіп жатыр, оның қызығын неге сырттағы жұрт көруі керек?» деп сауал тастап, билікке талап қояр еді. Өкінішке қарай, бізде мұндай диалог әлі қалыптасқан жоқ.

— Өнімді бөлу келісімшарты неге ашық емес?

— Ол үшін заңның бәрін өзгертуге тура келеді. 30 жыл бойы біз ештеңені білмедік. Халық «Тоқпағы қатты болса, киіз қазық жерге кіреді» дейді. Тоқпақ тек Президент қана емес, Үкімет, Парламент, Халық.

Президент 172 адам ғана Қазақстан байлығының 50 пайызының иесі деді. Осы тұрғыдан қазір біз бір бағдарламаны ұтып алдық. Бастағанымызға 1 ай ғана болды. Жылдың аяғында нәтижесін айта аламыз. Табысты қалай әділетті бөлу мәселесі бойынша жұмыс жүргізіп жатырмыз. Өйткені кейбір жағдайларда қазір біздің қадамымыз тек баяндау болып тұр.

Естеріңізде болса, мен 6 қаңтарда Ғылым және жоғары білім министріне елдің көзінше, «бізге қазір бірінші кезекте мына екі бағдарлама керек боп тұр. Біреуі, экономикалық қауіпсіздік. Екіншісі, Президент айтқан кірісті бөлуге қатысты» дегенде, ол кісі менің айтқаныммен келісті. Содан кейін арнайы конкурстар жариялап, ол енді ғана шешілді. Кірісті бөлуге қатысты жобаны біздің институт жасайды.

— Табысты бөлу деген Ұлттық қорға түскен қаржыға ғана қатысты ма?

— Біз бірнеше негізгі мәселені қарайық деп жатырмыз. Бірінші, жалпы ішкі өнім қалай бөлінеді? Сосын өзімізде қалған ұлттық өнім аймақтар арасында қалай бөлінеді? Салаларға қалай бөлінеді? Бұдан бөлек, біз қай салаға қанша бөлінетіні жөнінде ұсыным беруіміз керек.

— Бұған дейін ол қалай болды?

— Ел не үшін депутат болуға таласады? Қай әкім болмасын өз облысынан шыққан 2-3 депутатты алақанына салып ұстайды. Не үшін? Ертен республикалық бюджетті қарағанда, облысыма осынша ақшаны бөліріп бер дейді. Кеше Шымкентте жыл бітуге 2 апта қалғанда бөлінген бюджетті игеруге болмайды, біз оны қайтарып береміз деді. Бұлай қарасаңыз осы желтоқанда қарайтын мәселе ме? Биыл Үкімет бюджеттік жобаларға ақша жеткізе алмай, Ұлттық қорға қол сұқты ғой. Мұндайда егер игере алмасаң оны не үшін сұрадың, енді оған кім жауап береді деген сұрақтар еріксіз туындайды. Әзірге оған жауап жоқ.

— Сұхбатыңызға рақмет.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

АЙМАҚ

Маңғыстау облысының әкімі Нұрлан Ноғаев Адай тұқымды қазақ жылқысын асыл тұқымды деп тану мақсатында құрылған арнайы мемлекеттік комиссиямен кездесу өткізді. Бұл комиссия Мемлекет басшысының 2022 жылдың қарашасында Үкіметке берген тапсырмасы бойынша құрылған болатын.

Онда Қасым-Жомарт Тоқаев: «Қазақ Адай жылқысын Маңғыстаудың бірегей байлығы деуге болады. Бұл арғымақтар шөлге ерекше шыдамды, алыс жолға төзімді екенін біреді. Маңғыстау тұлпарлары алысқа шабатын халықаралық марафон жарыстарында әрдайым бәйге алып жүр. Жақында өткен «Ұлы дала жорығында» облыс шабандоздары жеке-дара озып келді. Қазақ Адай жылқысын әлемге таныта алсақ, бұл біздің тағы бір тамаша брендімізге айналады», — деген еді.

Соған сәйкес, Ауыл шаруашылығы министрлігі Мемлекеттік инспекция комитетінің бұйрығымен арнайы мемлекеттік комиссия құрылған болатын. Оның құрамына ғалымдар, асыл тұқымды мал шаруашылығы жөніндегі мемлекеттік инспекторлар мен Маңғыстау облысы ауыл шаруашылығы басқармасының басшылығы, Ат спорты қауымдастығы мен федерациясының өкілдері кірді.

АДАЙ ЖЫЛҚЫСЫ — ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҰЛТТЫҚ БРЕНДІ



Комиссия мүшесі Сейілхан Рахмановтың айтуынша, олар аймақтың барлық аудандарын аралап, Адай жылқысының 1400-ден астам дерегін жинады. Онда халықаралық стандарттар мен ат спорты федерациясының критерийлеріне сәйкес арнайы құралдар қолданылды. Қазақ мал шаруашылығы және жемшөп өндіру ғылыми-зерттеу институты заманауи технологияларды пайдалана отырып, жылқылардың генетикалық құрылымын ғылыми сынақтан

өткізді. Енді мемлекеттік комиссия осы тұқымның мәртебесі туралы патентті бекіту және алу үшін ауыл шаруашылығы министрлігіне және ҚР Әділет министрлігіне жіберілетін акт жасауы керек.

— Патент алу — бұл жұмыстың маңызды кезеңі, бірақ жұмыстың көп бөлігі әлі алда екенін түсіну маңызды. Барлық процестер халықаралық стандарттар мен нормаларға сәйкес келуі керек. Оған фермерлер мен

комиссия мүшелерінен бастап, федерация, қауымдастық және атқарушы органдардың өкілдері жауапты. Президенттің тапсырмасы бойынша біз Адай тұқымды қазақ жылқысын Қазақстанның ұлттық брендіне айналдыруға тиіспіз. Адай жылқысына мемлекеттік мәртебе беру, облысқа да, жалпы елімізге де бірқатар артықшылық береді. Бұл — тұқымның бірегей генетикалық қасиеттерін және аймақтың мәдени мұрасын сақтау, тұқымның сапасы мен сипаттамасын жақсартуға бағытталған селекциялық бағдарламаларды дамыту. Сондай-ақ, елімізге халықаралық туристер тарту және халықаралық турнирлерге қатысу мүмкіндігін береді, — деді аймақ басшысы Нұрлан Ноғаев.

Маңғыстау мен Атырау облыстарында кеңінен таралған Адай жылқысын дербес тұқым ретінде тану және оған ресми мәртебе беру мәселесі көктемде Сенатта да талқыланған болатын. Сенатор Бекбол Орынбасаров депутаттық сауалында Адай жылқысы «тұрпат» түрінде жуалғанын айтып, оны дербес тұқым ретінде мойындауға кедергі келтіріп тұрған бірнеше себепті атап өтті. Оның айтуынша, Қазақ мал шаруашылығы және жемшөп өндірісі ғылыми-зерттеу институты жүргізген ғылыми-экспедициялық зерттеулердің қорытындысы бойынша, елімізде 90 мың басқа жуық Адай жылқысы бар.

Е.КЕБЕКБАЙ,
«Заң газеті»

СОТ СӨЙЛЕСІН

ЕЛІМІЗДІҢ СЫРТЫН ЖАУ, ІШІН ДАУ БАСПАСЫН!



сыртын жау, ішін дау баспасын!

Мына аумалы-төкпелі заманда 2023 жыл ең біріншіден еліміздің тыныштығымен есте қалды. Әлемнің әр қырынан жеткен суыт хабарды ести келе, бүтіндіктің, елдіктің шын қадірін түсінеді екенсіз. Ал сот ісіне келсек, биыл судьялар мен мамандардың еңбек ақысын көтергені көңілді бір жадыратты. Бай мемлекетте тұрып, судьялардың өздеріне лайықты еңбек ақысын ала алмауы көңілге кірбің ұялататын. Қоғамның келеңсіз, даулы мәселелері сотта қаралады. Сол себепті елдің тыныштығын сақтап, экономикасын көтеруде әділ соттың орнауына жағдай жасау өте маңызды.

Қазақта «ең жақсы ұрыс, болмаған ұрыс» дейді. Болашақта елімізде дау-жанжал азайып, мәміле көп болса екен деген тілегіміз бар. Аяушылық, мейірімдіміз көбейіп, неке бұзу, тірі жетімдер, қылмыстар, соғыс орын алмаса екен дейміз. Еліміздің

Құнанбай МҰСАЕВ,
Түркістан облысы

Мақтаарал аудандық сотының судьясы,
Ауғанстан соғысының ардагері,
Ордабасы, Мақтаарал аудандарының «Құрметті азаматы»

Қоғамда судья мәртебесі қашан да жоғары. Судьяның әділдікті орнатудағы, істі таразылаудағы рөлі ешқашан төмендеген емес. Себебі, судья – заңгерліктің шыңы, мемлекеттік биліктің бір маңызды тармағы. Сондықтан, бүгінгі күнге дейін сот жүйесі мен судьялар мәртебесін нығайтуды көздеген іргелі өзгерістер қолға алынып, өзінің оң нәтижесін берді. Алысқа ұзамай-ақ, биыл атқарылған іс-шараларды талдаған кезде, сот құрылымында қолданысқа енгізілген талай тың бастамалардың барына көзіңіз жетеді.

ЖАҚСЫ ІС ЖАЛҒАСЫН ТАПСЫН!

Судьялар – дана билер жалғасы. Бұл қағиданың дұрыстығын татуластырушы судьялар жұмысына қарап білуге болады. Сот әкімшілігі жұмысын жолға қоюдың арқасында судьяларды әлеуметтік қамсыздандыруды жақсартуға, сот ғимараттарын салу мен жөндеу бағытындағы істердің көлемін ұлғайтуға, Президент тапсырмасына сай сот корпусына үздік кадрларды тартуға қадам жасалды. Отандық сот талай жылдан бері сандық технологияны сенімді түрде қолданып келе жатқан мемлекеттік мекемелердің көшбасшысы саналады. Істерді судьяларға автоматты түрде бөлу мен «Сот кабинеті» сервисі

арқылы арыз-шағымдарды онлайн қабылдаудан басталған бұл жаңашылдықтың бүгінде арнасы кеңейген. Соның нәтижесінде «Сот кабинеті» сервисінде көрсетілетін қызметтер шегі ұлғайып, цифрландыру қағазбастылықты барынша жойды. Сот құжаттарымен онлайн түрде таныса алатын азаматтық және әкімшілік істер бойынша «Танысу» модулі іске қосылды. Сондай-ақ, «Сот практикасы цифрлық талдау» жүйесі пайдалануға енгізілді. Осының бәрі азаматтарды сот әуресінен құтқарып, сот билігі мен халық арасындағы сенімнің нығаюына жол ашты. Қоғамның шиеленісін төмен-

дететін, тараптарға туыстық, әріптестік, еңбек қатынастарын сақтауға көмектесетін фактор – татуласу. Биылғы жылы дауды татуластыру тетіктері арқылы тиімді шешкендер көп. Былтыр республика бойынша 56 мың тарап татуласа, биыл осындай 66 мың келісімге қолжеткізіліп отыр.

Мұндай ілкімді жаңашылдықтар келесі жылы да жалғаса берері даусыз. Ең бастысы, жақсы іске бірігіп, ортақ мақсат жолында талмай қызмет ету парыз.

А.АБИЛМАЖИНОВА,
Алматы қаласы
Бостандық аудандық сотының судьясы

КҮНТІЗБЕ

ҚОЯН ЖЫЛЫ ҚОЛАЙЛЫ БОЛДЫ МА?

Бұл жылы елімізде қаралы күн де жарияланды, саяси ірі өзгерістер де болып, халық саны көбейіп, ел болып қуанған күндерімізбен де есте қалды. Ендеше, солардың бірқатарына шолу жасап өтсек...



САЙЛАУ ӨТТІ

2023 жыл жаңа жүйе бойынша Сенат депутаттарын сайлаумен басталды. Нәтижесінде, әр өңірден 1 өкілден – 20 сенатор сайланды. Сонымен қоса, Мемлекет басшысы жетінші сайланған Парламенттің Мәжілісін тарату туралы және мәслихат депутаттарының өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы Жарлыққа қол қойды. Осылайша, елімізде екі бірдей саяси науқан бір күнде – 19 наурызда өтті. Мәжіліс депутаттары мажоритарлық-пропорционалды аралас жүйе бойынша сайланды. Бұдан бөлек, барлық деңгейдегі мәслихат депутаттары мен тәуелсіз Қазақстан тарихында алғаш рет облыстық деңгейдегі қалалар мен аудан әкімдерін сайлау өтті.

АБАЙДАҒЫ ӨРТ

Маусымда Абай облысындағы орман өртін сөндіру барысында үш елді мекеннің тұрғындары эвакуацияланды. Кейінірек Абай облысындағы алапат өртті сөндіру кезінде орман шаруашылығының 14 қызметкері іздестіріліп жатқаны белгілі болды.

Қасым-Жомарт Тоқаев Абай облысының әкімі Нұрлан Ұрханбаевқа өз міндетін тиісті деңгейде атқармағаны үшін сегіз жариялады. Сондай-ақ, өз Жарлығымен тілсіз жауды ауыздықтау барысында қаза тапқан 14 азамат «Құрмет» орденімен марапатталды. Осы жағдайлардан кейін Абай облысында өрттен қаза тапқандардың отбасына 7 миллион теңгеден және әр балаға 2 миллион теңгеден бөлінетіні, марқұмдардың отбасына пәтер берілетіні хабарланды. Сондай-ақ, Абай облысында өртенген Бородулиха ауданының әкімі ауысты.

ЖАЛПЫҒА БІРДЕЙ ДЕКЛАРАЦИЯНЫҢ ЕКІНШІ КЕЗЕҢІ

2023 жылдың 1 қаңтарында Қазақстанда жалпыға бірдей декларацияның екінші кезеңі басталды. Кірістер туралы декларацияны мемлекеттік орган қызметкерлері мен олардың жұбайлары, сондай-ақ квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметкерлері мен олардың жұбайлары толтыра бастады.

Естеріңізге сала кетейік, жалпыға бірдей декларацияның бірінші кезеңі 2021 жылдың 1 қаңтарында басталған еді. Үшінші кезеңнің басталуы 2024 жылдың 1 қаңтарына жоспарланған.

«Заңсыз иемделген активтерді мемлекетке қайтару туралы» заң қабылданды. Үкіметтің мәліметінше жемқор шенеуніктерден тәркіленген қаражатқа 72 жаңа мектеп салынады. Бүгінде бұл мақсатқа 121,7 млрд теңге көлемінде қаржы жиналған.

«Жеке тұлғалардың банкроттығы туралы» заң да тиімділігін көрсетті. 2023 жылғы қыркүйектегі есеп бойынша, 65 мың адам өзін банкрот деп тануға өтініш берген. Оның 53 мыңының өтініші қанағаттандырылмаған. Бүгінде қаржылық жағдай заң талабына сай келетін 2 мыңға жуық адам ресми түрде банкрот деп танылған.

ҚАРАҒАНДЫ ШАХТАСЫНДАҒЫ АПАТ

28 қазанда Қарағанды облысындағы Костенко атындағы шахтада жарылыс болды. Алғашында шахтада жеті адам қаза тапқаны хабарланды. Апат кезінде Костенко шахтасында 252 адам болған, 205 кенші жер бетіне шығарылған. Болжам бойынша лавада газ метан жарылғаны да айтылды. Жер астындағы жарылыс бұл жолы 16 адамның өмірін жалмады.

Шахтадағы өртке қатысты соталды тергеп-тексеру де басталды. Осы жайттардан кейін 29 қазан Жалпыұлттық аза тұту күні деп жарияланды. Үкімет «АрселорМитталТеміртау» компаниясын қайтарып алды.

Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев «АрселорМитталТеміртаумен» ынтымақтастықты тоқтатуды тапсырды. Қазақстан Үкіметі жылдар бойы апаттан көз аспаған компанияны 286 млн долларға сатып алды. ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрі Қанат Шарлапаев желтоқсандағы өткен баспасөз конференциясында Лондонда ArcelorMittal корпорациясымен ақтық келіссөз кезеңі аяқталғанын айтты. Айта кетейік, отандық бизнесмен Allur Group компаниялар тобының басшысы Андрей Лаврентьев жаңа инвестор болды. Мәміледен кейін компания атауы өзгеріп, Qarmet деген тарихи атауы қайта оралды.

ХОСТЕЛДЕГІ ҚАЙҒЫ

30 қарашада сағат 5:33-те Алматыдағы Әди Шәріпов көшесіндегі өрт кезінде 13 адам көміртегі тотығынан қаза тапты. Мұнда алғашында 72 адам болған, 59 адам эвакуацияланып үлгерген. Сол күні хостелді жалға беруші А.Мухамедьяров ұсталып, уақытша ұстау изоляторына оқшауландырылды.

Бұл қаралы жағдайда опат болған 13 адамның төртеуі – шетелдіктер (Ресейдің 2 азаматы және Өзбекстанның 2 азаматы), ал 9-ы – Қазақстан азаматы. Хостелдегі өрт құзырлы орындар тарапынан бақылаудың жоқтығын, сонымен бірге, студент жастарды жатақханамен қамту мәселесінің толық шешілмей келе жатқанын алға шығарды. Осы қаралы оқиғадан кейін әл-Фараби атындағы ҚазҰУ екі жатақхананың іргетасын құюды желтоқсанда бастап кетсе, Қазақ Ұлттық аграрлық зерттеу университеті жөндеуден өткен жатақханаларын көрсетіп, өздерін республикадағы студенттерін толық баспанмен қамтып отырған жалғыз ЖОО деп атап өтті.

Осылайша қоян жылы да күнтізбеден көшіп барады. Келер ұлу жылынан күтер үмітіміз көп. Ең бастысы, қателіктер қайталанбасын! Қаралы күн қайтып келмесін! Еліміз тыныш, халықтың ынтымағы арта берсін!

Қуаныш ӘБІЛДАҚЫЗЫ,
«Заң газеті»

МЕЖЕ

Ұлттық статистика бюросының мәліметінше, Қазақстан халқы 14 қарашада 20 миллион адамға жетті. 10 айда елде 325 241 бала өмірге келіп, 107 289 адам қайтыс болды. Сырттан 21 337 адам келіп, 13 807 адам өзге елдерге қоныс аударды.

Қазақстан тұрғындарының өсіміне қатысты бұған дейін түрлі болжам айтылған болатын. Мәселен, 2019 жылы Еңбек ресурстарын дамыту орталығының сарапшылары туу және өлім-жітім көрсеткіштері өткен жылдың деңгейінде, ал көші-қон ағындары соңғы бес жылдың орташа мәнінде сақталса, халықтың орташа жылдық саны 2027 жылға қарай 20 миллион адамнан асады, ал 2050 жылға қарай ол 24,5 миллион адамға жетеді. Бұған 1990-жылдардың аяғы мен 2000-жылдардың басындағы бала туу деңгейінің төмендеуіне байланысты 20-29 жас аралығындағы әй-

МАҚСАТЫМЫЗ – 23 МИЛЛИОНҒА ЖЕТУ

елдер санының айтарлықтай азаюы өз әсерін тигізеді. Егер 2018 жылы олардың саны 1,4 миллион адамды құраса, 2025 жылға қарай дәл осы көрсеткіш 1,1 миллион адамға дейін азаяды. Соның нәтижесінде бала туу есебінен халық санының өсуі баяулайды деген болатын.

Ал Мемлекет басшысы биыл қыркүйектегі Қазақстан халқына жолдауында: «Елімізде жыл сайын 400 мыңнан аса бала дүниеге келеді. Жыл соңына дейін халқымыздың саны 20 млн-ға жетеді. Өмір сүру ұзақтығы да артып келе жатыр. Былтыр бұл көрсеткіш 74 жастан асты. Қазақстан – әлемдегі ең жас мемлекеттің бірі. Азаматтарымыздың орташа жасы – 32 жас. Тұрғындардың үштен бірі – жастар», – дегенді айтты. Яғни, Еңбек ресурстарын дамыту орталығының сарапшылары болжамы шындыққа айналмады. Ресми статистикаға көз

жүгіртер болсақ, Қазақстанда халық саны 1991 жылы 16,4 млн, 2001 жылы 14,8 млн, 2021 жылы 18,8 млн болғанын аңғаруға болады. Яғни, тәуелсіздіктің алғашқы онжылдығында елдегі демографиялық ахуалға көші-қон процесі айтарлықтай әсер етті. Соның нәтижесінде ел тұрғындарының санын 1 млн-ға ұлғайту үшін 2005–2010 жылдары 5 жыл қажет болса, одан кейін 2010–2018 жылдары әр 4 жылда 1 млн-ға өсіп отырдық. Ал 2022 жылы 19,5 миллионнан, 2023 жылы 20 миллионнан асып, елдегі демографиялық ахуал дамудың жаңа сатысына аяқ басты. Сол себепті енді 21 миллиондық межеге 3 жылда жетуге бізде толық мүмкіндік бар. Егер бұл үрдіс жалғасатын болса, 2030 жылы санымыз 23 млн-ға дейін жетуі мүмкін.

Е.ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

ОҢ ҚАДАМ

ЖАҢА ТЕАТР АШЫЛДЫ

Қазақстанда тағы бір жекеменшік театр ашылды. Ол «TAS GROUP» компаниялар тобының Assyltas қоғамдық қорының жаңа жобасы бойынша Алматыда құрылып отыр. Assyltas театры деп аталатын бұл өнер ордасының тұсау кесері М.Әуезов атындағы қазақ ұлттық драма театрында «Арена» драмасымен ашылды. Қойылмалы авторы – Бақыт Беделхан, режиссері – Елік Нұрсұлтан.

– Assyltas театрының негізгі ерекшеліктерінің бірі қазіргі қоғамдағы өзекті проблемаларды тауып, соны халыққа көрсетіп, шешу жолдарын ұсынуында. Көрерменнің театр қойылымдардан жақсы әсер алып өздерінің өмірлік қағидаларын дұрыс жаққа бұрып, адамның руханиятқа, шығармашылыққа жақындауын күшейтсе деп отырмыз. Болашақта басқа өңірлерге де гастрольге шығу жоспарымызда бар. Оны халықтың сұранысы көрсетеді деп ойлаймын, – дейді «TAS GROUP» компаниялар тобы директорылар кеңесінің төрағасы Дулат Тастекеев.

«Жаңа театрдың жолы ашық болсын» деп тілек айтып, бата берген Қазақстанның Еңбек Ері, КСРО мемлекеттік сыйлығының иегері, КСРО халық артисі Асанәлі



Әшімовтың айтуынша, өнер, мәдениет, ғылым өспей, ешқашан ел өспейді.

Бұл – инновацияға ден қойып, қазақ тілін қалың бұқара, іскерлік ортаның тіліне айналдыру, қайырымдылық жасау, ұлттық құндылықтарды дәріптеу және ұлттық мүдде жолында еңбек етуді алдына мақсат етіп қойған Assyltas қоғамдық қорының 13-жобасы. Енді «Туған жерге туыңды тік», «Тамырыма байланған, тағдырыма айналған – Тарбағатай», «Тарихқа толы Тарбағатай», «Ғажайып өлке», «100 өлең», «Assyltas TV», «Алып анадан туады», «Әр қазақ – менің жалғызым», «Assyltas» стипендиясы», «Тарбағатай – алтын қазақ», «Алтын ұя», «Тұғыры биік – Тарбағатай» жобаларының қатарына «Assyltas театры» қосылып отыр.

Ұлттық статистика бюросының мәліметіне қарағанда, 2021–2022 жылдары еліміздегі театрлардың саны 65-тен 73-ке ұлғайған еді. Оның 23-і Алматы қаласында, 9-ы Астана қаласында, алтауы Шымкент қаласында, ал Қарағанды

мен Қостанай қалаларында төрт-төрттен, Жамбыл, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарында үш-үштен, өзге облыстарда бір-бірден ғана. 2023 жылы елде ашылған жаңа театрларға қатысты дерек Ұлттық статистика бюросында да, ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің сайтында да жоқ. Министрліктің хабарлауынша, 2023 жылы Қазақстан театрлары 2167 спектакль қойып, оны 1 миллионнан астам көрермен тамашалаған. Сондай-ақ, Қазақстанның театр өнері тарихында тұңғыш рет қойылымдардың жартысынан көбі театрлардың өз қаражаты есебінен құрылды. Мәселен, 11 республикалық театр қойған 66 жаңа қойылымның 32-сі бюджет есебінен, 34-і өз қаражатымен сахналанды. Биыл сондай-ақ, Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен Қ.Қуанышбаев атындағы мемлекеттік академиялық музыкалық-драма театрына «Ұлттық» мәртебе берілді.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

ТАРАТУ

2. «Адалтұз» ЖШС, БСН 120740010462, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Шымкент қаласы, Абай ауданы, Айменов көшесі, 117/2 үй. Тел.: 87024477745.

3. «Техтур» ЖШС, БСН 150240000998 (Астана қаласы, Есіл ауданы, Достық көшесі, 12/1 үй, 23, индекс 010000), өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Астана қаласы, Шарль де Голль көшесі, 3А.

4. «СТРОЙТОРГ ГРУПП» ЖШС (БСН 191240022344), өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Ақмола облысы, Көкшетау қаласы, Т.Сүлейменов көшесі, 4 үй, 38 пәтер.

5. «Асхат-Агро» АӨК (БСН 161240008839) өзінің таратылатындығы туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан, Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Алғабас ауылы, Абай Құнанбаев көшесі, 80 үй.

6. «ST.FAMILY» ЖШС (БСН 210440025835), өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Абылай хан даңғылы, ғимарат 62.

7. «El Cartel» ЖШС, БСН 161140023690 өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: 020000, Қазақстан Республикасы, Ақмола облысы, Көкшетау қаласы, Уәлиханов көшесі, 118.

8. «Марат 62» өндірістік кооперативі өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Несие берушілердің талаптары осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: пошта 120400, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Майлыбас ауылдық округі, Байқожа бекеті, Жалғасбек Байділдаев көшесі, 32Б үй.

10. «Тейваз» ЖШС, БСН 180940011617, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қостанай қаласы, Темірбаев көшесі, 14 үй, 153 пәтер.

11. «Azi Competence LTD» ЖШС, БСН 171140029691 (Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Вахтангов көшесі, 17Б үй, 21 пәтер), өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Айтиев көшесі, 154/1 үй, 114 пәтер. Тел.: 87072121088.

12. «Ming Sheng International Trading» ЖШС, БСН 230840006837, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Әуезов ауданы, «Ақсай-1А» ықшамауданы, 25 үй, 62 пәтер, индекс 050063. Тел.: 87088003168.

13. «СЛУЖБА БЕЗОПАСНОСТИ «АЗИЯ-SECURITY» ЖШС, БСН 070540005427 (Қазақстан Республикасы, 050013, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Сәтпаев көшесі, 18А үй, кеңсе 35), өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде жоғарыда көрсетілген мекенжайда қабылданады. Тел.: 87012060571

14. «Miras EA Group» ЖШС, БСН 231040042202, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде жазбаша нысанда мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Қабдолов көшесі, 22Б. Телефон: 87471705534.

15. «Capital Group» Арнайы қаржы компаниясы» ЖШС, БСН 160640025226, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде жазбаша нысанда мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Қабдолов көшесі, 22 Б үй, 410 кеңсе. Телефон: 87715533333.

16. «Ispolnenie.kz (Исполнение.кз)» ЖШС, БСН 151140013186, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде жазбаша нысанда мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, 050062, Әуезов ауданы, Қабдолов көшесі, 22Б үй. Тел.: 87471705534.

18. «Finance Almaty» («Финанс Алматы»)» ЖШС, БСН 160840003034, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде жазбаша нысанда мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, 050062, Әуезов ауданы, Қабдолов көшесі, 22Б үй, кеңсе 607. Телефон: 87715533333.

19. «STDI Capital» ЖШС, БСН 080340004126, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде жазбаша нысанда мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, 050062, Әуезов ауданы, Қабдолов көшесі, 22Б үй. Телефон: 87071168455.

21. «GALLA Trade» ЖШС, БСН 140640022258, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, 9 ықшамаудан, 28А үй, 7 пәтер. Тел.: 87471383338.

22. «BEST EDUCATION» ЖШС, БСН 131040011668, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабар-

ландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Достық даңғылы, 134 үй. Телефон: 87017516104.

23. «Alley Consulting Corp» (Олей Консалтинг Корп) ЖШС, БСН 120540021976 (Қазақстан, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Биокмбинат көшесі, 7А үй, индекс 050000), өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Республика Қазақстан, Алматы қаласы, Желтоқсан көшесі, 165 үй. Тел.: 87017321696.

24. «Мунай Сервис Групп» ЖШС, БСН 131040015541, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Атырау облысы, Жылыой ауданы, Құлсары қаласы, Промзона көшесі. Тел.: 87000929293.

25. «ALFA GRAIN» ЖШС, БСН 110540010295, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан, Алматы қаласы, Түркісіб ауданы, Бекмаханов көшесі, 81 үй, индекс 050028. Тел.: 87755518888.

26. «Комфорт-Трейд АН» ЖШС, БСН 101140013731 (Қазақстан, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Абай даңғылы, Тургут Озал көшесі, 150/230 үй, 822 кеңсе/үй-жай, блок 4, индекс 050046), өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Гагарин даңғылы, 236Б, индекс 050061. Тел.: 87776578701.

35. «DDEM TRUCK SERVICE» ЖШС, БСН 230440022705, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Атырау қаласы, «Геолог» шағынауданы, Атырау-Доссор тасжолы, құрылым 46А.

36. «ШАНАС» ЖШС, БСН 230440012699, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Атырау қаласы, Қабдырахман Ерниязов көшесі, 13/1 үй.

37. «ДАЛИН» ЖШС, БСН 020740000434, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Ангарская көшесі, 132, тел.: 87057770142.

38. «Assyl Company 2» ЖШС, БСН 221040012704, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Атырау қаласы, «Нұрсая» шағынауданы, 1 үй, 33 пәтер.

39. «Белтек» ЖШС, БСН 221040017041, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан Республикасы, Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы, Д.А. Қонаев атындағы шағынаудан, 52/2 үй, 71 пәтер, тел.: 87773300125.

40. «ЖемМетСервис» ЖШС, БСН 190240001527, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Астана қаласы, М.Жұмабаев көшесі, 6 үй, 9 пәтер, тел.: 87027528142.

41. «JanSaya» ЖШС, БСН 180340029370, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Астана қаласы, М.Жұмабаев көшесі, 6 үй, 9 пәтер, тел.: 87027528142.

42. «Medet SA 006» ЖШС, БСН 220640012208, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Қарғалы ауылы, Мәметова көшесі, 18а үй, 6 пәтер (кеңсе). Тел.: +77786704131.

43. «4 TUNA» ЖШС, БСН 200840022348, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Назарбаев даңғылы, 48 А, «Арбат» бизнес орталығы, 6 қабат, 607 бөлме, тел.: +77017162225.

44. «Ergaly group ltd» ЖШС, БСН 171040039378, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Ақтау қаласы, 12 шағынауданы, 42 үй, пәтер (кеңсе) 46, тел.: 87784315258.

45. «Ұлар-Нұр» ЖШС, БСН 080640011922, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: тел. 87714671770.

46. «Сатпан» ЖШС, БСН 011240007890, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Атырау облысы, Жылыой ауданы, Құлсары қаласы, 1 ықшамаудан, 26 үй, 48 пәтер, тел.: 87014976215.

47. «Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының Жаңақала ауданының білім беру бөлімі» мемлекеттік мекемесі «Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының Жаңақала ауданының білім беру бөлімінің «Саралжын бастауыш мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2023 жылғы 31 тамыздағы №196 қаулысы негізінде таратылғандығын хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: БҚО, Жаңақала ауданы, Жаңақала ауылы, Халықтар достығы көшесі, 42, тел.: 8(71141) 22250.

ӘРТҮРЛІ

17. Астана қаласы әкімдігінің «№95 Гимназия» Коммуналдық мемлекеттік мекемесі, БСН 970540001185, Астана қаласы әкімдігінің 15.12.2023 ж. №107-2742 қаулысы негізінде Астана қаласы әкімдігінің «№95 Гимназия» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны болып қайта құру жолымен заңды тұлғаны қайта ұйымдастыру туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Байқоңыр ауданы, Ж.Тархан көшесі, 16. Тел.: 87172501742

20. «Prof Collection» ЖШС, БСН 210840009312, жарғылық капиталы азайғаны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай мерзім ішінде жазбаша нысанда мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Қабдолов көшесі, 22 Б үй. Телефон: 87017775898

27. «MB Holding Group» ЖШС «Алмалы ауданы, Исаев пен Байғанин көшелері арасында Қабанбай батыр көшесінде орналасқан «ЖК на Қабанбай батыр» халыққа қызмет ету объектілері мен жерасты тұрғын бар кәсіпорнының тұрғын үй кешені» эскиз жобасы бойынша қоғамдық талқылау өтетіндігін хабарлайды. Тыңдаулар: 6 ақпан 2024 жылы сағат 14: 00-де Алматы қаласы, Әуезов көшесі, Алмалы ауданы, 2/4 үй.	Тансырыс беруші: «MB Holding Group» ЖШС. Бас жобалаушы: «MB Project Partners» ЖШС. Эскиз жобасын мына мекенжайда табуға болады: Алматы қаласы, Әуезов көшесі, 2/4. Жоғарыда аталған жоба бойынша ескертулер мен ұсыныстарды келесі электрондық мекенжайға жіберуге болады: marina.building.kz@yandex.kz.
--	---

28. Орал механикалық зауыты» ЖШС атқарушы органы (бұдан әрі – Серіктестік), БСН 060340009897, Серіктестіктің жарғылық капиталындағы үлесті сату туралы хабарлайды және Серіктестік қатысушыларына үлесті сатып алуды ұсынады. Үлесті сатып алғысы келетін Серіктестік қатысушылары осы хабарландыру жарияланған сәттен бастап 10 күн ішінде бұл туралы Серіктестіктің атқарушы органына жазбаша түрде хабардар етуге міндетті. Барлық қажетті ақпаратты БҚО, Орал қаласы, Нұрсұлтан Назарбаев даңғылы, 215 құрылыс мекенжайы немесе 87112242165 телефоны бойынша алуға болады.

29. «Каз Туран» ЖШС, БСН 201240014279, өзінің несиегерлері мен мүдделі тұлғаларға жарғылық капиталының 100 000 (жүз мың) теңге көлемінде азайғанын хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 1 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Бекмаханов көшесі, 98. Тел.: 87058637192.

30. «Amanat-Turan» ЖШС, БСН 220840053272, өзінің несиегерлері мен мүдделі тұлғаларға жарғылық капиталының 100 000 (жүз мың) теңге көлемінде азайғанын хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 1 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Бекмаханов көшесі, 98. Тел.: 87058637192.

31. «Ertis Bidai» ЖШС, БСН 230140005922, өзінің несиегерлері мен мүдделі тұлғаларға жарғылық капиталының 100 000 (жүз мың) теңге көлемінде азайғанын хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 1 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Бекмаханов көшесі, 98. Тел.: 87058637192.

32. «KazFtorMet PVL» ЖШС, БСН 210340018793, өзінің несиегерлері мен мүдделі тұлғаларға жарғылық капиталының 100 000 (жүз мың) теңге көлемінде азайғанын хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 1 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Бекмаханов көшесі, 98. Тел.: 87058637192.

33. «Ақмола облысы білім басқармасының Атбасар ауданы бойынша білім бөлімінің әдістемелік кабинеті» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, БСН 230540027175, «Ақмола облысы білім басқармасының Атбасар ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесіне, БСН 060140000456, қосылу жолымен қайта ұйымдастырылатындығы туралы хабарлайды. Талаптар мына мекенжай бойынша қабылданады: Ақмола облысы, Атбасар ауданы, Атбасар қаласы, Лука Белаш көшесі, 109 В, 1 тұрғын емес бөлме. Тел.: 87164325507.

34. Алматы қаласы Жетісу аудандық сотына Алматы қаласы, Победа көшесі, 7-51, мекенжайында тұратын Федорова Зинаида Григорьевнадан 30.10.1945 жылы туған, Алматы қаласы, Победа көшесі, 7-51, мекенжайында тұрған үйінен 21.05.2004 жылы шығып кеткеннен бері хабар-ошарсыз кеткен Федоров Петр Николаевичті қайтыс болды деп туралы өтініш түсті. Федоров Петр Николаевичтің қайда жүргенін білетін адамдардың осы хабарландыру жарияланған күннен бастап үш ай мерзім ішінде Алматы қаласы Жетісу аудандық сотына хабарласулары сұралады. Мекенжайы: Алматы қаласы, Сейфуллин даңғылы, 291, тел.: 87099897313.

ҚҰЛАҚҚАҒЫС!

ХАБАРЛАНДЫРУ БЕРУДІҢ ТӨТЕ ЖОЛЫ
«ЗАҢ» Медиа-корпорациясының жарнама бөліміне хабарласыңыз немесе zangreklama@mail.ru электронды поштасына жолдаңыз.

ТЕЛЕФОН: 292 43 43, 8 708 929 9874

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.: 8(727) 292-43-43,

8 (708) 929-98-74

E-mail:
zangreklama@mail.ru

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

«Media page kz» ЖК, ZANGAZET.KZ - Алматы қаласы, Ақтолық көшесі, 4Б, 2 қабат, 3 кеңсе, www.zangazet.kz, WhatsApp: 8 707 388 40 80.

ЖК «Қандыбаева», Газеттерге, журналдарға және сайттарға хабарландыру қабылдау агенттігі: 8(727)327 30 92, тел/факс: 273 47 98, 8 707 895 21 99, 8 701 739 27 83, 8 705 185 75 73 www.gazetyisaity.kz, e-mail: vsegazety@mail.ru Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш.қиылысы, 208 кеңсе.

«KAIROС» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybaeva@mail.ru. Барлық хабарландыру What's app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы, Крупская көшесі, 61, кеңсе 23. Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Ильяев көшесі, 47 (Шаймерденов қ. бұрышы) RBK банктің жанында, Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7705-705-31-31. E-mail: pazar.reklama@gmail.com

ЖК «Trade and service», Алматы қ., ша/а Жетісу-3, 55/133.

ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ., Е. Әуелбеков көшесі, 129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17, 8(747) 8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67,32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынұлы ЖК, Петропавл қ., К.Сүтішов көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы). Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211, 8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail: zan-at@mail.ru.

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ., пр. әл-Фараби 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н. Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78

</

(Жалғасы. Басы №97 санды)

«Мына Нұрланды айтамын-ау. Бала күннен бірге өстік. Сол кезден осы мінезі. Әйтпесе, қарамағында зырылдап тұрған машина да көп, ызығ жүрген сотрудник те көп. Мына ауылға, әкімі ме, уақаскойы ма біреуіне бір звонок тастаса бітті ғой, бүйтіп сандалмай-ақ, күршіті өздері әкеліп берер еді және арзан алар едім. Көрмейсің бе істеп отырғанын. Оның беделін пайдаланам ба десем, ол: «Менің атымды атасаң, не менімен таныс екенінді айтсаң бос қайтуың мүмкін» – деп қарап отыр. Не дейсің енді бұған. Шынында да солай ма?»

– Әрине, – деді бұл, – кім полицияны ұната қойсын.

Мұқан қомақты күрші сатамын деушілердің бірі – Айдарханның үйіне апарды. Себебі, оның үйі бұл күдіктеніп жүрген Фабит Әбдіхановпен көрші еді. Сатып алушы мен сатушы біраз саудаласты, ақыры бір мәмілеге келді, дастарқан жайылды, қазанға ет салынғаны хабарланды. Мұқан шылым шегуді сылтаурата сыртқа шығып, көше жақтағы скамейкаға тізе бүкті. Анадай жерде бір топ бала төбелескен екеуді қоршап тұр екен. Мұның айқайын елең қылған бірі жоқ, шамасы бұл ауылдікі емесін біліп тұр-ау. Ауылдың хабары деген осы, өзінен бұрын жетеді... Бір кезде жеңіліп, таяқ жегені жылаған күйі топтан бөлініп шығып, бұған беттеді. Жылап та келеді, боқтап та келеді: «Тап қана шешеннің... Көрсетемін әлі саған. Әй, яп. Көкемнің гаражға тыққан мылтығын әкеліп атып тастайын ба осы? Әкеңнің аузын... Ойбай-ай, ойбай, мұрнымы қанатты-ау. Көрсетемін саған». Он-он екілердегі бала жылаған күйі мұның тұсынан өтіп, көрші үйге кірді. «Ие, бұл Әбдіхановтың баласы болды ғой. Гаражға мылтық тыққан ба сонда. Ім-м...».

Бұл қайта оралса, дастарқан басындағылардың барлығы қуырдаққа кірісіпті. Үстел үстінде бір бөтелке арақ келіпті, екі саудаласушы бір реттен тартып жіберген сыңайлы.

– Оу, жігітім! Далаға шығып ең жоқ болып кеттің ғой, мына қуырдақ керемет екен. Ая, мына орыстың дүниесіне қалай едің? Шопыр бала – за рулем, оған болмайды, сен қосыласың ба?

– Аға, рақмет! Ем алып жүр едім. – Қазіргі жастар – осы. Ішпейді. Намаз оқиды. Заман солай боп тұр... ладно, онда қуырдақтан алыңқыра. Тәтті екен. Аяеке, бұл ненің етінен жасалған?

– Киіктің еті ғой. Алыңдар. Жеңсік ас. Көршіміз охотник. Бір шыққанда бортовой УАЗ-ды толтырып әкеледі. Бізге арзан береді. Ал, қалаға қымбатқа өткізеді екен.

– Сонда киікті қайдан аулайды? Бұл елеусіздеу түрде ғана сұрақ қойды.

– Қайданы несі? – деген Айдархан таңқала қарады, – Айтақырдан да. Мына Құмкөл жақтағы.

...Екі сағаттан соң бұлар қалаға қайтты. Шаруасы біткеніне қонақ та маз, біраз нәрсені біле алғанына Мұқан да маз. «Апыр-ай, тура бастықтың айтқанындай болғанын қарашы. Сәті түсті деген осы емес пе?!» деді тергеуші іштей.

Бұлар келгенде тал түс еді. Басқармадағылардың көбі түскі асқа кетіпті, бастық та сыртқа шығып келеді екен, бұлардың көлігіне отырды. Көлік бастықтың үйі жанына келгенде ол жүргізушіге: «Інішек, бес-он минут күте тұрарсың. Қазір мына ағаң қайта шығады, соны баратын жеріне жеткізіп саларсың», – деді де, бұларға: «Ал, үйге кірелік», – деді. Ауладан кіре бере бастық қонағына: «Хама! Шаруаң біткен сияқты ғой. Көзің күлімдеп тұр», – дегені сол еді, анау да шап ете қалды.

– Ту-у... Бұдан ешнәрсе жасыра алмайсың ғой енді. Ішіндегіні біліп қояды. Чекистпісің деген... Иә, Нұреке! Шаруа бітті. Тамаша. Мына жігіттің де жарады, тура керек жерге дөп түсті...

– Е... Енді тәжірибесі бар кәсіпкер емес пе. Хама! Сен үйге кіре бер! Обед дайын. Менің мына жігітпен екі ауыз сөзім бар еді.

Қонақ ырғала үйге кірісімен, ол іс жайын сұрай бастады. Бұл білгенін, естігенін айтты.

– Жақсы. Онда сен қазір тездетіп жұмыстан осы іске қатысты барлық материалды жина да, түскі асыңды

өзіне-өзі қол жұмсаған адам арқасын жинаулы тұрған шөпке тіреп отырса және кеудесіне тірей мылтықпен атып жіберсе – онда ол шалқасынан құламайды. Себебі, ол мылтыққа қарай еңкейе отырады, өйткені мылтықтың ұзындығы метр жарымдай, ал шүріппе тұрған тұс – өзіне мылтық кезеушіден кемі 80-90 сантиметр, мұндай жағдайда еңкеймесе, оның шүріппеге қолы жетпейді. Оның үстіне қос ұңғылы аңшы мылтығы



ішіп ал. Ешкімнің сезбегені дұрыс. Әсіресе анау... Сосын мына адреске келесің. Ол пәтер жөнінде жан баласы білуге тиіс емес. ДВД-ның жасырын пәтері, жан-жағынды тексеріп барып кірерсің, тура сағат екі жарымда, қоңырауды екі рет ұзақ, бір рет қысқа басасың. ДВД бастығы, оның тергеу жөніндегі орынбасары және мен боламын. Іс туралы баяндайсың. Түсінікті ме?

– Дәл солай!

...Мұқан пәтерге кіре бере-ақ мұның арнайы жабдықталған үй екенін ұқты. Ішкі істер саласында он жылдан аса қызмет атқарса да, мұндай пәтер барын білмегеніне таңдана тұрып, ол кең бөлмеге сканер, компьютер және т.б. жабдықтар қойылғанын көрді. Бастығы асықтыра бастады.

– Капитан тездет, барлық құжаттарды экранға шығар!

– Құп болады!

Мұқан баяндай бастады. Оның дауысын аңда-санда құжаттарды ауыстырған кездегі сканер дыбысы ғана бөлуде.

– Күдік алуыма алғашқы себеп – мұрденің жату қалпы болды. Бұл тұста бірден екі кереғарлық бар. Біріншісі – адам өзін-өзі атқан жағдайда оқиға болған жерде біраз қан жатары анық. Оқиға орнын қарау хаттамасында ондай төгілген, не ұйыған қан жоқ, тек аз ғана қан жұққан пішен көрсетілген. Бұл оқиғаның басқа жерде болғанын, яғни, оның басқа жерде өлгенін көрсетеді. Бұдан шығатын қорытынды – өлген адамды біреу не біреулер жиналған шөп жанына басқа жақтан әкеліп жатқызыған. Бұл – біздің оқиға – өзіне-өзі қол жұмсау емес, керісінше кісі өлтіру болған деп топшылауымызға негіз болды. Енді осыны дәлелдермен толықтыралық. Біріншіден, жоғарыда айтылған жағдай – кісі өлімінің басқа жерде болғанын көрсетеді, екіншіден, оқиға басқа жерде болса, өлген адамның жиналған шөпке келіп, өзі жата кетпесі белгілі, яғни, біреулер әкеп тастады. Бұдан кісі өлтіру жағдайы болғанын көреміз.

Келесі күдік тудырған жәйт – егер

атқан кезде кері тебетінін есепке алсақ, оқ тиген адам етпетінен, не бір бүйірге қарай құлауы керек еді. Біздің жағдайда тіпті басқаша болып тұр, бұл да кісі өлімінің өзін-өзі өлтіру емес екенін анықтайды.

Одан соңғы күдіктісі – мылтықтағы саусақ таңбасы. Қос ұңғылы аңшы мылтығында Жетес Тұяқовтың сұқ саусағының таңбасы шүріппеде ғана барын сарапшылар көрсетті. Міне, қорытындысы. Міне, бұл тұста да қисынға келмейтін нәрсе бар. Егер Жетес Тұяқов өзін-өзі атпақ болса, қос ауыз мылтықты омырып, оқпанға оқ салуы керек. Ондай жағдайда мылтық стволында да, дүмінде де оның саусақ таңбасы қалуы керек еді. Сарапшылар көрсеткендей оның саусақ таңбасы тек шүріппеде ғана. Бұл да қисынға келмейді, өйткені, өзін-өзі ату жағдайында адам тек өз аяғын атса ғана, сұқ саусақпен шүріппе басуы мүмкін, басқа жағдайдың барлығында сұқ саусақ шүріппені баса алмайды, тек бас бармақпен ата алады. Бұл да жоғарыдағы пікірді бекіте түседі.

Содан соң Тұяқов өзіне-өзі қол жұмсамақ болып, мылтық оқпанына оқ салды делік, енді оны ату үшін мылтық құлағын қайыруы керек қой. Міне, мылтықтың екі құлағында да ізі, таңба жоқ, тап-таза. Сонда неге тек шүріппеде сұқ саусақ таңбасы қалған? Бұдан біреу Тұяқовты атып өлтіргеннен кейін, мылтықты сүртіп, оны марқұмның қолына ұстатқан және шүріппеге сұқ саусағының таңбасын әдейі қалдырған деп қорытынды жасауға болады.

– Оқ дәл сол мылтықтан атылған ба?

Департамент бастығы түйіле сұрады.

– Иә. Дәл солай... Бірақ, мылтық тіркеуде жоқ екен.

– Одан соңғы шаруа қалай болып жатыр?

– Абай, Қарауылтөбе ауылдары адамдары арасында жүргізілген астыртын іздестіру жұмысы мынадай жәйттерді анықтауға мүмкіндік берді. Біріншіден, Жетес Тұяқовтың отбасы – сол ауылдағы өнегелі отбасының бірі. Марқұм да салмақты,

қақ-соқпен жұмысы жоқ, шаруасына мығым жігіт болған. Алайда, әйелінің жеңіл жүрісі бар көрінеді. Мәселе, осыдан басталған сияқты. Оқиғадан екі ай бұрын марқұм болған жігіт сол ауылдың Фабит Әбдіханов деген жігітін өз үйінде әйелімен сүйісіп тұрған жерінен ұстап алады да, өлтіре сабап жібереді. Әйелді де үйінен қуып шығады. Әлгі Әбдіханов ауыл ақсақалдарын араға салып, Тұяқовтардан кешірім сұрап құтылады. Бірақ ішіне кек сақтаған болуы керек. Оқиға болардың алдында сол ауылдың Ерлан, Қабылан деген жігіттері бар, әлгі Әбдіханов Жетес

Рахат, қыдырыстан қыдырыс... Мұның қабағы түйілгенін көріп кілт өзгерді. Жұртқа байқатпаған болып көзін қысты, онсыз да қушық иығы арасына басы кіре, күржиіп, шиқ-шиқ күлді. «Шутка ғой, шутка. Білемін ғой. Ситуация требует. Давай, жол болсын...»

Міне, содан бері жол үстінде. Бүгін олар Айтақырдың шығыс бетін қарауда. Созылған сары дала, күз кейпі барлық жерде бірдей. Көліктер Айтақырдағы қақтың екінші бетінен шықты. Жан-жақты дүрбімен сүзе қарап келе жатқан Мұқанның көзіне кенет алыстан дүзгін бұтасы арасында бірдеме көрінгендей болды да, машина бағытын сонда бұрды. Сақтық ойлап, көлікті тым жақындатпаған ол барлық қызметкерлерді ары қарай жаяу бастады. Оператор видео түсіру ісін жүргізуде. Тақырлау тұстарға машиналар ізі түскен екен, сірә, жаңбыр суы дегдіп кетпей тұрғанда жүрсе керек, ап-анық көрінеді. Криминалист іске кірісті, бір тізелей отырып із таңбасын алуға. Жасы Мұқаннан үлкен, майор шеніндегі жігіт ағасы:

– Бала, босқа арамтер болып жатпайық. Машина деген өріп жүр емес пе бұл далада, бұл із саған керек емес боп шықса қайтесің, – деп қояды арасында.

Көлік іздері алынған соң ғана ол өзі межелеп келе жатқан дүзгінге қарай беттеді. Оған бір-екі метр жер қалған еді, тергеуші кілт тоқтады. Сазды жерге тереңдеу түскен киік тұяғының ізі қарауытады.

– Ау, неге тоқтадың?

– Бөке! Мынаны қарашы, ана бір киіктің ізі мына із сияқты қара емес, ақшыл. Неге? Мүмкін мына ойыла түскен ізге қан құйылып, қарайып кетті ме екен, ә? Тексеріп көріңізші. Мұны да суретке түсірейік, сосын, төңірегімен қоса ойып алып, коробкаға салайық, сарапшылар ашар не екенін. Маған қазір керек болып тұрғаны – бұл жерге қанның тамған, тамбағаны.

Криминалист әлгі киік ізіне құйыла жиналғанның қан екенін анықтады, алайда, өз ойын да айтты.

– Мұқан! Қан екеніне дау жоқ. Бірақ адамдікі ме, киіктікі ме, оны сараптама ашады. Мен оны айта алмаймын.

Одан әрі дүзгінге жеткенде тергеуші жүрегі қаттырақ соқты. Бұл жүрегі отырып, сәл дем алды да, дүзгінді қарай бастады. Иә, жүрек бекерге мазалампапты, дүзгін бұтақшаларына шашыраған қара дақтар көрінеді. Дүзгін бұтасы арасында әдетте жұмыс кезінде киетін жеңіл қолғап жатыр екен. Түсі сәл оңған, алайда ақ қолғаптың қарақошқыл түрге енгені – қанға малынғаннан деп ой түйді тергеуші. Мана дүрбімен қарап келе жатқанда алыстан көзге ілінген осы қолғап екен.

Жігіттер іске кірісті. Дүзгін бұтақшасындағы шашыраған дақтар да қан болып шықты, ал қолғаптағының қан екені балаға да белгілі шығар. Бұлар барлығын фотовидеоға түсіріп, құжаттады. Неше күнгі шаршағандары ұмытылған... Жүргізушілерге дейін қутындап, әзіл айта бастаған. Мұқан бойын тіктеді, өз топшылауының дұрыс болып шыққанына риза.

– Жігіттер! Қазір жер тондаған, біздің ізіміз түсе қоймас. Сонда да енді шиырламай, арырақ барып, түскі тамағымызды ішіп алайық, сосын Қызылордаға бет алармыз. Сосын бұл істің құпия екенін естен шығарушы болмаңдар. Бұл жүргізушілерге де қатысты бұйрық. Оны басқарма бастығы ескерткен болар. Сонда да еске салып отырмын. Біздің ісіміз – құпия. Байқамай ауыздан шығып кетіп, ертең заң алдында жауап беріп жүрмендер.

Алдажар ӘБІЛОВ

(Жалғасы бар)